



Редакцияның мекен жайы:
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40
«7 континент» БО, 15 қабат

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы
№ 9909- Жеке есепке қою туралы куәлік.
Жазылу индексі-75289



Республикалық оқу-әдістемелік журнал
Республиканский учебно-методический журнал



Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды
қаласы білім бөлімінің «№ 2 оқушылар сарайы» КММ

№ 11(5) 2024 жылғы желтоқсан

Қосымша білім және тәрбие



Оқушылар сарайы - баланың қосымша даму кеңестігі Алтынбекова Ш.Д.	3
Ғылыми-әдістемелік қызмет: үш жылдық қорытынды Алдабергенова А.С.	6
Қосымша білім беру ұйымында электронды құжаттардың тиімділігі мен мүмкіндіктері Есмагамбетова К.С.	10
Қосымша білім берудегі балалардың құндылықтарын арттыру Баданова А.Б.	12
Оқушының ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру Есмагамбетова К.С.	14
Қосымша білім беру мекемесінде психологтің рөлі мен өзектілігі Әбдірахман Л.С.	17
Қазақтың ұлттық ойындарының спорт түрлеріне айналуы А.Ж.Исабекова, Б.Ш.Мақұлбаев.	19
Тоғызқұмалақ – ақыл-ой ойыны А.Т.Махамбетчин, Е.С.Кәріғұл.	22
Коррекционно-оздоровительная гимнастика в сфере дополнительного образования как одно из средств профилактики при нарушении осанки и плоскостопия Утебаев Е.Ж., Марченко А.А.	24
Использование икт на уроках английского языка при изучении темы «Путешествие и туризм» Сатымбаева Г.А.	27
IT Music: интеграция музыки и информационных технологий в дополнительном образовании Манакбаев А.Н.	30
Методика организации массовых мероприятий в учреждениях дополнительного образования Белоног О.С.	31
Қосымша білім беру ұйымдарындағы зерттеу жұмыстары Амансарина Г.О.	35
Ел болашағы – білімді ұрпақ Коньсбаев Д.Б., Тоғамбекова А.С.	37
Использование stem технологии при изучении темы «Электрическое поле. Электрический ток. Электрические цепи» Омарова Э.К.	41
Формирование познавательного к изучению химии с помощью химического эксперимента Хамитхожаева А.С.	42
Үйірме сабақтарында lesson study әдісті пайдалану Ыбырай Н.Ш.	47
Өнерлі халық – Өміршең халық Бозтаева И.М.	51
Совместная творческая деятельность с родителями и детьми в дополнительном образовании Ахметова Э.П.	52
Бала жанұя бірлігі – жан – жақты дамытудың бірден – бір құралы Ахмет Г.Т., Сабыржанқызы Г.	57
Қосымша білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі бала тәрбиесі баршаға ортақ Айтбекова А., Абдрашитова Г.Е.	59
Эффективность обучения детей через игру Бесимова З.К., Абишева Д.Т.	63
Қазақтың ұлттық құндылықтарын балаларға ерте жастан дарыту Бекетбаева В.Р., Сағат А.С.	67
Ертегі тыңдау арқылы балаларды мазмұнын айтуға және суретке қарап әңгімелеуге дағдыландыру Каюпова К.Н., Дюсембекова А.Е.	71

Қосымша білім беру – жеке тұлғаның шығармашылық және зияткерлік ресурсы ретінде
Алькеева О.Р., Мұқыжан Г.Б......74



Меншік иесі – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

Редакциялық кеңес:
Шер Р.П., редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББООО директоры
Гончаров А.С., «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.
Мажитов М.К., Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.
Ерубаева А.Ж., Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.
Оразова Т.Б., ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.
Сенгалиев О.Т., Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

Шығарумен жұмыс жасағандар:
Бас редактор –Атажанова Л. А.
Жауапты редактор – Сарсекеева Г. С.
Дизайн – Хұрмет К. Х.

Редакцияның мекен-жайы: Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.
Тел.: 8 (7172) 64-75-88, e-mail: kosymsha20@bk.ru
Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.
2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.
Жазылу индексі – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады.

Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-88 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы. Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-75-88 или e-mail: kosymsha20@bk.ru

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ - БАЛАНЫҢ ҚОСЫМША ДАМУ КЕҢЕСТІГІ

Алтынбекова Ш.Д.
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім
бөлімінің «№ 2 оқушылар сарайы» КММ 1 дәрежелі директор,
басшы- көшбасшы

Қазіргі таңда балалардың мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін түрлі салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға сұраныс артуда. Соған байланысты өскелең ұрпаққа білім берумен қатар тәрбие берудің іс-әрекеті басты назарда және ол әрекеттер қосымша білім беру жүйесіндегі оңтайлы өзгерістерді заман талабына сай жүйелерге жол ашуда. Қазақстанда отандық білім беру саласындағы жаңа құбылыстар қатарында барынша маңыздылардың бірі деп толық негізде балаларға қосымша білім беруді атауға болады. Балаларға қосымша білім берудің құндылығы артуда. Себебі, қосымша білім беру мекемелерінен алынған білім мен тәрбие негізі мектеп қабырғасынан алынған жалпы білім берудің вариативті құрамын күшейтеді.

Жасөспірімдерге өз-өздерін кәсіби бағдарлауда көмектеседі, балалардың мектепте алған білімдері мен күш-қуаттарын іске асыруға септеседі. Қосымша білім беру жағдайында балалар өздерінің шығармашылық әлеуеттерін ашады, қазіргі қоғамға бейімделу дағдыларын дамыта алады және бос уақытты толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігін алады.

Бүгінгі таңда бала дарынын дамыту, әлеуетін ашу, қоғамға бейімділік бола білу, оқушылардың шығармашылық бағытта шыңдалуы жолында Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№2 оқушылар сарайы» педагогикалық ұжымының еңбегі зор. Сарай заманауи технологияларды қолданып, қосымша білім беру жүйесінде жұмысын бастап, қарқынды дамып келеді. Жас ұрпақты білім мен ғылымға, өнер мен спортқа баулып, талай дарынды балалардың тұсауы кесілуде.

Мемлекеттік мекемеміздің Жарғысына сай Сарай үйірмелеріне 5 жастан -18 жасқа дейінгі балалар 6 бағыт бойынша қабылданады :

Ғылыми-жобалық бағыт: теориялық және эксперименттік сипаттағы үйірмелерді қамтиды - бұл STEM зертханасы, Заттар интернеті зертханасы, инженерлік-математикалық мектеп, дизайн және жобалық шығармашылық студиясы және экологиялық орталық.

Ғылыми-техникалық бағыт - үйірмелерде конструкторлық, өнертапқыштық қызмет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған - бұл пилотсыз Көлік және техникалық шығармашылық шеберханалары, робототехника және Hi-teach технологиялары.

Музыкалық-эстетикалық бағыт - музыка, театр студиясында, хор және хореографиялық залдарда, балалардың басқа да өнер түрлері саласындағы шығармашылық белсенділігін дамытады.

Көркемдік бағыт балаларды сурет салу техникасымен таныстырып, шығармашылық шеберханаларда, қолөнер шеберханаларында, ART және Fashion студияларында эстетикалық талғамды дамытады.

Ерте даму бағыты - педагогтер мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеп, нейро-психологиялық негіздерін қолданады.

Спорттық - әлеуметтік даму бағыты балаларды тоғызқұмалақ, шахмат, дәстүрлі және қытайлық дойбы, Мо, «IntellectUM» (интеллектуалды, логикалық үстел ойындары), «БиоНейроДаму» үйірмесі (ми жаттығулары, есте сақтауды дамыту, зейінді шоғырландыру), «Қазақша күрес» үйірмесі, бұрыштар, логикалық басқатырғыштар сияқты үстел ойындарымен таныстырады.

Психолінгвистикалық бағыт балаларды тілдік дайындықпен қамтиды, психологиялық кеңес береді.

Біздің Сарай - түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға арналған білім беру және мәдени-бұқаралық алаң болып қалыптасуда. Атап айтсақ, халықаралық, республикалық, облыстық, аймақтық, сарайішілік байқаулар, олимпиадалар, турнирлер, жарыстар,

жобалар, оқулар, семинарлар, тренингтер және т.б. өтеді.

Бүгінгі таңда «№2 оқушылар сарайында» 74 үйірме жұмысын жүргізіп, 5 жастан 17 жасқа дейін 3 мыңға жуық бала тіркелген.

Білім мекеменің педагогтер құрамы - 80 адам. Еңбек жолын енді бастаған жас мамандарда, қырық жылдық тәжірибесі бар ардагер педагогтер де бар.

Үйірмелерге қабылдау 1 тамыздан e-daryn.kz қосымша білім беру платформасы арқылы жүргізіледі. Оған кез келген ата-ана үйінде отырып-ақ, қажетті құжаттарды (Ата-ананың немесе заңды өкілдің жеке куәлігі, баланың туу туралы куәлігі, 027/у анықтамасы және 3*4 фотосы) енгізіп, тіркеле алады.

Әдеттегідей оқу жылы «Ашық есік» күнінен басталып, отбасылық мерекеге айналатын күн. Бұл мереке өзін балаларға арналған үйірмелер мен секцияларды таңдауда танымал навигатор, ата-аналар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасу кеңістігі ретінде танытады.

Вебинарлар, дәрістер, шеберлік сыныптары, тестілеу, зияткерлік ойындар – барлығы «№2 оқушылар сарайының» педагогтер мен ата-аналарының идеяларының коллаборациясы. Үйірмелерге қабылдау жыл бойы жүргізіліп, жаңа үйірмелермен толықтырылып отырады. «Химия және өмір» үйірмесі, Ағылшын тілі, «ZhongGuo» қытай тілі» үйірмесі, «Bienvenue en France» француз тілі үйірмесі, Тележурналистика, «Мажорет – спорт», «Чирлидинг» спорттық гимнастикалық би үйірмелері, «Сымбат» сколиоздың алдын алу үйірмесі және т.б. көптеген үйірмелер сұранысқа ие. Сонымен қатар жаңадан үйірмелер саны толығып, мазмұнды сапалы іс-шаралар өткерілуде.

Жаз айларында және каникул уақытында «Bala land» орталығы балалар үшін өз ерекшелігімен ұсынылып, көптеген қызықты іс-шаралармен толығып отырады. Балалардың демалысын тиімді өткізу және оларды әр түрлі бағыттағы үйірмелермен қамту қосымша білім беру мекемелері үшін жыл сайын дәстүрге айналған шара. Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің КММ «№2 оқушылар сарайы» педагогикалық ұжымы осы кезеңді өте қызықты, мағыналы, сапалы өткізуге үлкен даярлықпен жүргізеді. Біріншіден, «Bala land» жұмысы өзінің алдына міндеттер мен мақсаттарын белгілеп, бағдарлама негізінде жұмыс жоспарлары жасалынды. «Жаз қызығы – көңілді демалыс», «Үйрене біл, жасай біл», «Біз біргеміз!» секілді түрлі тақырыптарда өтетін қалалық іс-шаралар легімен де үндесе жұмыс атқарылады. Бұл іс-шаралардың сапалы өткізуі үшін барлық даярлық дер кезінде жүзеге асуы үшін арнайы жоспарлы түрде өткізіледі.

Қаламыздың мектеп жанынан ашылған лагерь балаларына және демалыс айларында үйірмелерге жазылған балалар үшін робототехника, шахмат, тігін, STEM, IT, музыкалық шығармашылық және математикалық есептер шығару үйірмелері өз қызықты бағдарламаларын үнемі ұсынылады. Балалар үстел үсті ойындарының көптеген түрлерімен алғашқы рет ойнап көрді, оларға логикалық қабілеттерін арттыру мақсатында күн сайын міндетті түрде логикалық ойындар мен шеберлік сыныптар жүргізіледі.

Биылғы оқу жылы жаңа жобалармен толықты. «Смарт Старт» жаңа білім беру жобасы 9-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру сонымен қатар мамандықты дұрыс таңдау және сол бағыттағы емтихандарға сәтті дайындалып, жоғары оқу орындарына түсуге көмектесу мақсатында арнайы әзірленді.

Жоба аясында оқушылар өздеріне қажетті пәндерді таңдап, қызығушылықтары мен болашақ мамандықтарына сәйкес қосымша білім алады, тәжірибе алаңдарына қатысады. Бағдарламаға физика, математика, химия, биология, тарих және Қазақстан тарихы пәндері енгізілген. Әр оқушының қайталанбас тұлға екенін түсіне отырып, біз оқытуға икемді тәсіл ұсына отырып қажетті пәндерге назар аударуға ықпал етеміз.

Сонымен қатар, «Смарт Старт» жобасы аясында оқушыларға көшбасшылық қасиеттерді дамыту, сыни ойлау және уақытты басқару бойынша тренингтер, логикалық ойындар ұсынылады. Бұл тренингтер негізгі пәндер бойынша оқушының білімін тереңдетіп қана қоймай, шынайы өмірдің сын-қатерлеріне дайын болуға, уақытты тиімді жоспарлауға, мақсат қоюға және оларға нық қадам басуға үйретеді.

Жобаның мақсатына сай № 2 оқушылар сарайының білім беру бағдарламалары

арқылы кәсіпалды саяттануына қолайлы жағдайлар жасау, түлектердің академиялық деңгейін көтеру, олардың өз күшіне деген сенімділігін арттыру және емтихандарды сәтті тапсыруға деген мотивацияны қалыптастыру қолға алынған. Ал жобаның міндеттері арқылы №2 оқушылар сарайының білім беру мүмкіндіктерін насихаттау ең басты мақсат. Түрлі әдіс тәсілдер арқылы оқушылар мен олардың ата-аналарын дайындық бағдарламаларына тарту үшін ақпараттық кампаниялар ұйымдастыруға болады. Жобаға сай оқушының дайындық сапасын көрсету үшін ашық сабақтар, мастер-кластар және сынақ емтихандар өткізу көзделген және ол бірнеше модульді көздейді.

Кәсіп таңдауға мамандандырылған курстар әзірлеу:

Оқуға түсу талаптарына сәйкес негізгі пәндер (математика, қазақ тілі, физика, химия және т.б.) бойынша курстар әзірлеу.

Дайындық бағдарламаларына дайындық тесттері, сынақ емтихандар және қателерге талдау енгізу.

Жеке оқу жоспарларын әзірлеу:

Оқушылардың білім деңгейін бастапқы кезеңде анықтап, жеке дайындық жоспарларын құру.

Оқушылардың нәтижелеріне сәйкес оқу жоспарларын үнемі қадағалап, түзету.

Психологиялық қолдау және мотивация:

Емтихан алдындағы стрессті азайтуға және өзіне деген сенімділікті дамытуға бағытталған психологиялық тренингтер ұйымдастыру.

Оқуға қызығушылық пен өз күшіне сенімділікті арттыру үшін табысты түлектермен және тәлімгерлермен мотивациялық кездесулер өткізу.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын интеграциялау:

Дайындық тиімділігін арттыру үшін онлайн ресурстар, интерактивті платформалар және мобильді қосымшаларды оқу процесіне енгізу.

Сабақтарға үнемі қатысу мүмкіндігі жоқ оқушылар үшін қашықтан кеңес беру және вебинарлар ұйымдастыру.

Оқу ортасы мен қолдау атмосферасын құру:

Оқу топтарын мүдделер мен дайындық деңгейі бойынша қалыптастыру арқылы ұжым ішінде қолдау көрсету және бәсекелестік рухын қалыптастыру.

Оқушылар сарайының ресурстарына, оқу материалдарына және зертханалық практикумдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Қорытындысында жеке оқу бағдарламаларын, психологиялық қолдауды және қазіргі заманғы технологияларды енгізу емтихан нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Бұл тек академиялық өсуді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сенімділігі мен мотивациясын дамытуға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға көмектеседі.

Ашылғанына аз уақыт болсада болашаққа сенімі зор, бағдары мол, жоспары көп Сарайымыздың ұжымы үшін қоғамның оң көзқарасы, оң қолдауы өте маңызды. Мақсат айқындалып, мұраттар көзделуде. Бала болашағына алаңдаушылық білдіретін барша жанға қосымша білім беру жүйесіндегі оңтайлы өзгерістерді көрсету мақсатында 2024 жылдың наурыз айында Қарағанды қаласы «№2 оқушылар сарайының» жаңашыл идеялары, мәселелерді креативті шешу, интерактивті даму жолдарына сәйкес, сонымен қатар жаңадан ашылған педагогикалық мекеменің озық тәжірибесін тарату мақсатында Қазақстан Республикасы ағарту министрлігі мен ҚР премьер министрінің орынбасары Дүйсенова Тамара Қасымқызының қатысуымен өткен «Үздік білім беру кейсі» іс тәжірибие тарату сессиясына қатыстық. Бұл да біздің жұмысымыздың алға басуына, тың идеяларды жариялауға өте үлкен серпіліс берді.

Балаларға қосымша білім беру - үздіксіз білім берудің ажырамас бөлігі, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жеке тұлғаны өзін-өзі дамытуға, шығармашылық, дарынды балаларды анықтауға, оларды қолдауға және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған көп деңгейлі білім беру жүйесі деп танылуда.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ: ҮШ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Алдабергенова А.С.,
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім
бөлімінің «№ 2 оқушылар сарайы» КММ

Аннотация

В данной статье рассматриваются результаты трехлетней научно-методической деятельности Дворца учащихся № 2. Подчеркивается важность научно-методической работы в образовательной системе, направленной на повышение качества образования и развитие творческого потенциала учащихся, а также повышение квалификации педагогов.

Бұл мақалада № 2 оқушылар сарайында өткен ғылыми-әдістемелік қызметтің үш жылдық нәтижелері қарастырылады. Білім беру жүйесінде ғылыми-әдістемелік қызметтің маңыздылығы, білім сапасын арттыру және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар, сондай-ақ педагогтердің біліктілігін көтеру шаралары сипатталған.

Кіріспе

Білім беру жүйесінде ғылыми-әдістемелік қызметтің рөлі зор. Соңғы үш жыл ішінде біздің № 2 оқушылар сарайымызда жүргізілген ғылыми-әдістемелік жұмыстар білім сапасын арттыру мен оқушылардың қабілеттерін дамыту мақсатында жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Оқушылар сарайының ғылыми-әдістемелік қызметі оқушыларымыздың академиялық деңгейін көтеру, болашақ мамандықтарын таңдауда көмек көрсету және олардың шығармашылық әлеуетін ашу бойынша жұмыс атқаруда. Осы уақыт аралығында біз бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік, алайда, алда тұрған міндеттер мен мақсаттар да бар.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары

Оқыту әдістерін жаңғырту

Соңғы жылдары оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі арта түсті. Осыған байланысты, біз педагогтердің біліктілігін арттыру мақсатында түрлі семинарлар мен тренингтер ұйымдастырдық.

2022-2023 оқу жылы «Оқу-тәрбие үрдісіндегі заманауи технологиялар» тақырыбында қосымша білім беру педагогтеріне арналған алғашқы қалалық семинар өткізілді. Бұл шара педагогтер арасында жаңа технологияларды енгізудің маңыздылығын арттыруға, білім беру үдерісін жаңартуға ықпал етті. Семинар барысында педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану туралы пікір алмасты.

Семинардың табысты өтуі бізді ынталандырып, алдағы уақытта тағы да осындай шараларды ұйымдастыру қажеттілігін көрсетті. 2023-2024 оқу жылында «Қосымша білім беру ұйымдарында оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру» тәжірибелік семинарын өткізіп, педагогтердің жобалық қызметін дамытуға бағытталған жаңа идеялар мен тәжірибелерді талқыладық.

Одан бөлек, Қарағанды қаласының қосымша білім беру ұйымдарының күшін біріктіріп, «Шеберлік-Тәжірибе-Нәтиже» тақырыбында облыстық жәрмеңке өткіздік. Бұл шараға қатысқан барлық ұйымдар өздерінің жетістіктері мен шығармашылық жұмыстарын көрсетіп, педагогикалық тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби байланыстар орнатуға мүмкіндік алды. Жәрмеңке барысында әрбір ұйымның ерекше жобалары мен идеялары кеңінен талқыланып, білім беру сапасын арттыру жолындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен ұсыныстар жасалды.

Бұл шаралар, сөзсіз, біздің педагогтеріміздің біліктілігін арттырып, оқушыларымыздың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Педагогикалық ұжымның біліктілігін көтеру – оқушылардың білім сапасын арттырудағы маңызды қадамдардың бірі. Педагогтеріміз жаңашылдықты енгізу арқылы оқу процесін тиімді

ұйымдастыруда ерекше жетістіктерге қол жеткізді. Педагогтердің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылығы білім беру сапасына тікелей әсер етеді.

Педагогикалық әдістерді жаңғырту арқылы оқушылардың үйірмеге деген қызығушылығын арттыру мүмкіндігі туды. Интерактивті оқыту әдістері, ойын арқылы оқыту, және жобалық оқыту тәсілдері енгізілді. Білім беру бағдарламалары мен үйірме бойынша тиімді әдістемелерді қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейі мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік алдық. Оқушыларымызды түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыру арқылы олардың қабілеттерін сынау және дамытуға көңіл бөлдік.

Жобалық қызметтің дамуы

Жобалық қызмет – біздің жұмысымыздың маңызды аспектісі. Соңғы үш жылда біз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көп көңіл бөлінді. Оқушыларымызға жобалық жұмыстарды орындау барысында өз қызығушылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік берілді. Жобалық оқыту – бұл балалардың өзін-өзі дамытуына, зерттеу дағдыларын қалыптастыруына, және командалық жұмысқа үйренуіне көмектесетін тиімді тәсіл.

«STEM лаборатория», «Микроэлектроника және бағдарламалау», «Қызықты химия» бағыттары бойынша жобалық қызмет белсенді түрде ұйымдастырылып жатыр. Бұл үйірмелерді тәжірибелі және білікті педагогтер басқарады, олардың әрқайсысы өз саласында жоғары санатқа ие. Педагог жетекшілігімен оқушылар жобалық қызмет арқылы теориялық білімдерін практикада қолдану мүмкіндігіне ие болып, шығармашылық қабілеттерін дамытуда.

Жобалық қызметіміздің негізгі мақсаты – оқушылардың инновациялық ойлауын дамыту, ғылыми зерттеулер мен шығармашылық жобаларды жүзеге асыру. Біз оқу-тәрбие үрдісінде жобалық әдістерді белсенді енгізу арқылы оқушыларымыздың сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу, және командалық жұмыс жасау дағдыларын дамытуға көмектесеміз. Біздің балаларымыз, жақында ғана ашылғанына қарамастан, түрлі байқаулар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болды. Мысалы, Сариев Арыстан «Ұлы өнертапқыштар» республикалық конкурсының облыстық турында жеңімпаз атанды.

Біздің STEM бағытындағы үйірмелеріміз, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған жобалар мен конкурстар арқылы, оқушыларымыздың инженерлік, ғылыми және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оқушыларымыз заманауи технологияларды қолдана отырып, нақты проблемаларды шешуге бағытталған жобалар жасайды, осылайша олар өздерінің кәсіби дағдыларын қалыптастырады.

Бүгінгі күні біз жобалық қызметті білім беру бағдарламамыздың барлық аспектілеріне енгізуді бастаймыз. Осы мақсатта биылғы оқу жылынан бастап «Шексіз дарындылық» дарынды балалармен жұмыс жобасы қолға алынды. Жобаның басты мақсаты – балалардың білім беру жүйесінде дарындылықтарын жан-жақты дамыту, оларға түрлі шығармашылық бағыттарда жұмыс жасауға жағдай жасау. Оқушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, өнер, музыка, спорт және басқа да салаларда өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл жобалар оқушылардың қызығушылығын арттыруға, оқу процесін жандандыруға, және олардың белсенділігін жоғарылатуға бағытталған. Оқушыларымыздың жетістіктері бізді алдағы уақытта да жобалық қызметті кеңейтуге және жаңа мүмкіндіктерді ұсынуға ынталандырады.

Мақсатымыз – STEM бағытында оқушыларымыздың шығармашылық әлеуетін толық ашып, оларға болашақ ғылым мен технологияда бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беру. Жобалық қызмет арқылы олар өздерінің қызығушылықтарын жүзеге асырып, ғылым мен инновацияға қызығушылықтарын арттырады.

Біздің оқушыларымыз қала және облыс деңгейінде өткізілетін түрлі байқаулар мен жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктер оқушылардың шығармашылық әлеуетін танытып, біздің білім беру жүйеміздің сапасын арттыруға ықпал етті.

Кәсіби бағдар беру және педагогикалық-психологиялық қолдау
Оқушыларға кәсіби бағдар беру – олардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына

бағытталған маңызды жұмыс. Біздің білім беру мекемемізде кәсіби бағдар беру мақсатында түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Олардың қатарында университет базасында өткізілетін «Жас криминалист», «Хирургия», «Архитектура» және «Стоматология» үйірмелері бар. Бұл үйірмелер оқушылардың мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттырып, кәсіби білімдерін жетілдіруге бағытталған. Мысалы, «Жас криминалист» үйірмесінде оқушылар құқық қорғау органдарының жұмысы мен криминалистика негіздерімен танысады. Ал «Хирургия» үйірмесінде болашақ дәрігерлер хирургияның негіздерін үйренеді. «Архитектура» үйірмесі жастарға сәулет өнерінің негіздерін меңгеруге, ал «Стоматология» үйірмесі тіс емдеу саласында алғашқы білім алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, біздің базада өтетін «Парикмахерлік өнер», «Тележурналистика» және «Журналистика» үйірмелері жұмыс істейді. «Парикмахерлік өнер» үйірмесінде оқушылар шаштараздық шеберлікті меңгеріп, шаш үлгілерін жасау дағдыларын игереді. «Тележурналистика» үйірмесі журналистік зерттеулер жүргізуге, сұхбаттар алуға, ақпараттарды өңдеуге үйретеді. Ал «Журналистика» үйірмесінде оқушылар жазбаша және ауызша коммуникация дағдыларын дамытады.

Біздің кәсіби бағдар беру үйірмелері оқушыларға түрлі мамандықтарды зерттеуге, өз қызығушылықтарын анықтауға және болашақта нақты бағытта білім алуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтары ескеріле отырып, олармен жеке жұмыстар жүргізіледі. Кәсіби бағдар беру курстары оқушылардың өз қабілеттерін тануына, әрі қарайғы даму бағыттарын анықтауға көмектеседі.

Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету де оқушылардың дамуына үлкен әсер етеді. Мұндай қолдау олардың өзін-өзі бағалауын арттырып, жеке тұлғалық және академиялық өсуіне ықпал етеді. Сарайымызда психолого-педагогикалық қызмет белсенді жұмыс істеп, оқушыларымыздың жан-жақты дамуына бағытталған.

Қазіргі таңда біз көптеген балалардың ерекше білім беру қажеттіліктеріне (ООП) және назар тапшылығы гиперактивтілік бұзылысына (СДВГ) ие екенін байқаймыз. Осының нәтижесінде біздің педагогтеріміз инклюзивті білім беру саласында арнайы курстардан өтіп, ондай курстар әр түрлі қажеттіліктері бар оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың сұраулары бойынша психолог балалармен жеке жұмыс жүргізіп, олардың жеке мәселелерін шешуге, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Психологтің бұл жұмысы балалардың оқу процесінде табысты болуына, өздерін сенімді сезінуіне және әлеуметте үйлесімді қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, психологиялық қызмет ата-аналарға да зор қолдау көрсетеді. Олар балалардың психологиялық жағдайын терең түсінуге, тиімді коммуникация стратегияларын қалыптастыруға және қажет болған жағдайда кәсіби көмекті алуға мүмкіндік береді. Бұл біздің мақсатымыз – оқушыларымыздың психикалық және эмоционалдық денсаулығын нығайту, оларды толыққанды, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеу.

«№ 2 оқушылар сарайында» жүргізіліп жатқан психолого-педагогикалық қызметтің мақсаты – әрбір баланың өз әлеуетін ашып, болашағын жарқын етіп қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау.

Біздің психолог мамандарымыз оқушыларға кәсіби бағдар беру бойынша кеңес беріп, оқу процесіндегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Психологиялық тренингтер мен семинарлар оқушылардың стрессті басқару, өз-өзін бағалау, және коммуникациялық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қол жеткізілген жетістіктер

Осы уақыт ішінде біз тек педагогикалық ұжымның ғана емес, сонымен қатар оқушылардың да жетістіктеріне куә болдық. Біздің тәрбиеленушілер қалалық және облыстық деңгейдегі түрлі конкурстарда жоғары орындарға ие болып, білім беру мекемесінің абыройын асқақтатты. Олардың әрқайсысы – біздің білім беру жүйеміздің жемісі, ал мұндай жетістіктер бізді одан әрі жігерлендіріп, жаңа биіктерге жетелеуге ынталандырады.

Педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейі де едәуір көтерілді. Мұғалімдеріміз республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға қатысып, біліктіліктерін арттырып, жаңа әдіс-тәсілдермен танысты. Осының арқасында оқу процесінде заманауи әдістер мен технологиялар қолданылып, білім сапасы едәуір жақсарды.

Алдағы міндеттер

Біздің алдағы мақсатымыз – ғылыми-әдістемелік жұмысты одан әрі дамыту және инновациялық технологияларды оқу үрдісіне тереңірек енгізу. Педагогикалық құрамның біліктілігін тұрақты түрде арттыру және оқушыларға заманауи білім беру әдістерін қолдану жұмыстарын жалғастырамыз. Оқушылардың жобалық қызметін кеңейтіп, оларға өздерінің шығармашылық әлеуеттерін толығымен ашуға мүмкіндік беретін жаңа жобаларды енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, оқушыларымыздың кәсіби бағдарын жетілдіру, олардың болашақтағы мамандықтарын таңдаудағы қиындықтарды жеңуге көмектесу үшін, мамандармен және университеттермен тығыз байланыс орнату жоспарланып отыр. Оқушыларға тәжірибелік дағдыларды меңгеру, кәсіпорындар мен ұйымдарда практикадан өту мүмкіндіктерін жасау арқылы олардың еңбек нарығына бейімделуіне көмек көрсету маңызды.

Қорытынды

Соңғы үш жылда біздің сарайдың ғылыми-әдістемелік жұмысы елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, келешекте одан әрі өсуге және дамуға бағыт алды. Біздің оқушыларымыздың жетістіктері мен педагогикалық ұжымымыздың кәсіби дамуы – бұл біздің бірлескен еңбегіміздің нәтижесі. Жаңа бастамалар мен жетістіктерге жету жолында бізге қолдау көрсетіп жүрген барша әріптестерімізге, ата-аналарымызға және оқушыларымызға алғыс білдіреміз.

Болашақта да біз білім беру сапасын арттыру, оқушыларымыздың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылым мен білімнің жаңа биіктеріне жету үшін жұмыс істейтін боламыз. Ғылыми-әдістемелік қызметіміздің артуы, оқушыларымыздың жетістіктері, және педагогикалық ұжымымыздың біліктілігінің көтерілуі – бұл біздің ортақ жеңісіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бим-Бад Э.М. (2016). Заманауи оқу әдістері: Теория және практика. Алматы: «Білім» баспасы.
2. Бенжамин С. (2020). Білім беру саласындағы инновациялық технологиялар. Астана: «Питер» баспасы.
3. Кузнецов В.А. (2018). Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. Екатеринбург: Урал.
4. Зимняя И.А. (2019). Жобалық оқытудың методологиясы мен технологиялары. Алматы: «Юрайт» баспасы.
5. Соловьев А.Н. (2021). Білім жүйесіндегі ғылыми-әдістемелік қызмет. Қарағанды: Қарағанды университеті.
6. Петрова Л.С., Иванова М.А. (2022). Оқытуда шығармашылық тәсіл: Жаңа горизонттар. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан университеті.
7. ҚР Білім министрлігі. (2020). 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту стратегиясы. Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігі.
8. Фоменко Н.И. (2017). Мектеп жүйесінде белсенді оқыту әдістері. Алматы: Наука.



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Есмагамбетова Кымбат Сапаргазиевна
Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№ 2
оқушылар сарайы» КММ, директордық оқу-ісі
жөніндегі орынбасары

Өзектілігі: Жаһандану, цифрлық ақпараттандыру технологиясының даму заманында білім беру ұйымдарының әкімшілік жұмысын жеңілдету мақсатында гугл таблицада қажетті құжаттарды жинақтап, орталықтандыру болып табылады.

Мақсаты: білім беру ұйымының құжаттарын оптимизациялау, оңтайландыру, автоматтандыру.

Бұл жоба – құжаттармен жұмыс істеу барысында, қағазбен отырып, қолмен санау кезінде келген идея. Әсіресе, жыл басында статистикалық есептер тапсыру уақытында қиындықтар туатын еді. Сол кезде «Шіркін, мынаның бәрін жазғанда, бір мезгілде өзі барлық қажетті статистиканы шығарып беретін болса» деген идеямен программистке барғанымда Роман Алексеевичтің ұсынысы осы еді. Мен үшін бұл – ең құнды дүние және барлық ұйым әкімшілігіне таптырмас құрал.

Гугл таблицада құжаттар мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Деректер базасы

- Тәрбиеленушілердің деректер базасы
- Педагогтердің деректер базасы
- Техникалық персоналдың деректер базасы

Тәрбиеленушілердің деректер базасы туралы айтып берейін. Әр бағытқа арналған бет (вкладка) болады. Мысалы 7 бағыт бар, 7 бет бар деген сөз. Бұл беттерге бала туралы толық ақпарат толтырылады. Бастысы, ең соңында келгені немесе кеткені туралы бұйрықты жазғанда, үстінде бала саны мен орын санын көреміз. Сол 7 бетті дұрыс толтырса,

- әлеуметтік паспорт (жасы, жынысы, отбасылық статусына);
- қамтылған мектептер саны мен географиясы;
- үйірмелер мен педагогтер статистикасы;
- НОБД статистикасы;
- қанша бала неше үйірмеге қатысатындығы туралы ақпараттарды аламыз.

Педагогтердің сапалық құрамына қатысты есеп тапсырып отырамыз.

Оларды да мұқият толтыру барысында мынадай статистикалық есептерді көре аламыз: жалпы педагогтердің лауазымы, білімі, санаты, жынысы, өтілі, жасы бойынша есептерді, педагогтер жүктемесі және лауазымдар ставкасын көре аламыз. Әр бөлім бойынша, тіпті, процентін де шығарып береді.

2. Педагогтерге арналған бөлім

- Күнтізбелік жоспар
- Күнтізбелік жоспар толтыратын күндер калькуляторы
- Әдістемелік сағаттар кестесі
- Заңнамалар мен құқықтық актілер
- Сабақ кестесі
- Ашық сабақтар кестесі
- Аттестаттаудың перспективалық жоспары
- Біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары

Осы жердегі барлық құжаттар педагогтерге қолжетімді. Күнтізбелік жоспарға түзетулер мен толықтырулар жүргізуге болады. Бұл жерде де әр бағытқа бөлек беттер

ашылады. Әр бағыт педагогтерінің жоспарлары салынады. Сарай әкімшілігі кез-келген уақытта керек ақпаратты алып, сабаққа кірер кезде тақырыптарын біліп отырады.

Сонымен қатар күнтізбелік жоспардағы өткізілетін сабақтар күнін күндер калькуляторы арқылы қоя салады. Бұл жерде мысалы, қосымша білім беру ұйымдары 15-қыркүйекте бастап, 25 мамырда аяқталатынын жазу міндетті және сабақ кестесі бойынша күндер белгіленеді. Сөйтіп, күнтізбелік жоспарда автоматты түрде өткізілетін сабақтар күні қойылады. Міне, осылай педагогтерге барлық мүмкіндікті жасап қойдық.

Басқа пунктерге педагогтер толықтырулар мен түзетулер енгізе алмайды, педагогтер кіріп тек сілтеме арқылы өздеріне қажетті ақпаратты оқи алады.

3. Үйірмелер бойынша статистикалық есеп

- Қай бала неше үйірмеге барады
- Педагогтер мен үйірмелер туралы есеп
- Бөлімдер бойынша есеп
- Жыл басында, ортасында және жыл аяғында контингент есебі
- Үйірмелер саны (3 жылға)
- Келген, кеткен, қалпына келтірілген оқушылар бұйрығы
- Үйірмелер арасындағы ауысулар туралы бұйрық

Бұл жерде әр ай сайын шығаруға, қабылдауға, ауысуға жасалған бұйрықтар сілтемемен салынған. Өте ыңғайлы.

4. Жоспарлар

- 2023-2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары
- оқу жұмыс жоспары
- сарайшілік бақылау
- аттестатталушы педагогтермен жұмыс жоспары
- біліктілікті арттыру жоспары
- тәрбие жұмысы жоспары
- директор жанындағы отырыс жоспары
- педагогикалық кеңес жоспары
- психологтің жұмыс жоспары
- жас маманмен жұмыс жоспары
- «Шаңырақ» ата-аналар клубы жоспары
- бағыттар айлығы жоспары

Бұл бөлімде оқу жылы басында директор бекіткен барлық жоспарлар сканерленіп салынады.

5. Аналитикалық есепке қосымшалар

- жылдық жұмыс есебі
- тәрбиеленушілер жетістігі
- педагогтердің жетістігі (байқаулар, фестиваль т.б.)
- педагогтердің конференция, семинар, мастер-кларстаға қатысуы (тыңдаушы, ұйымдастырушы, лектор ретінде)
- педагогтердің қазылық етуі
- әдістемелік баспалар (мақала, ГПК, әзірлемелер)
- педагогтердің марапатталуы туралы деректер
- озық тәжірибені насихаттау туралы
- біліктілікті арттыру туралы есеп
- аттестатталушы педагогтер туралы есеп

Бұл жобаны білім беру саласындағы барлық ұйымдар пайдалана алады. Өте тиімді, уақытты үнемдеуге ыңғайлы жоба.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Баданова Айгерим Бирликбаевна
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім
бөлімінің «№ 2 оқушылар сарайы» КММ
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бүгінгі таңда білім мен тәрбие қоғамның дамуының маңызды аспектілері болып табылады. Балалардың болашағы – біздің қолымызда, ал олардың жан-жақты дамуына, әлеуметтенуіне және ұлттық құндылықтарды меңгеруіне қосымша білім беру мекемелері үлкен рөл атқарады. Мұндай мекемелер – жастардың шығармашылық әлеуетін ашу, әлеуметтік дағдыларын дамыту, рухани және мәдени құндылықтарды қалыптастыруға арналған кең мүмкіндіктерді ұсынатын орта.

Қосымша білім беру мекемелері балаларға білім алумен қатар, өзін-өзі тану, әлеуметтік жауапкершілік және командада жұмыс істей білу сияқты маңызды дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – балалардың тұлғасын дамыту, олардың қабілеттерін ашу және қоғамның белсенді мүшелері ретінде қалыптасуына жол ашу. Осылайша, қосымша білім беру мекемелері – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына, мәдениетімізді сақтауға, және ұлттық рухты жаңғыртуға бағытталған тәрбие жұмыстарын жүзеге асыратын маңызды алаң болып табылады. Бұл жерде әрбір бала өзін-өзі танып, өз қабілеттерін ашып, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік алады.

Қосымша білім беру мекемелерінде шығармашылық дамуға арналған кең мүмкіндіктер бар. Әр түрлі үйірмелер, секциялар және байқаулар балалардың өнерге, ғылымға және технологияларға деген қызығушылықтарын арттырады. Мысалы, музыка және көркемөнер үйірмелері балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, өзін-өзі білдіруге мүмкіндік береді. Балалар өнер әлемінде, әдебиетте, және ғылымда өздерін сынап, жаңа дағдыларды меңгереді. Осының арқасында оларда өздеріне деген сенімділік, жауапкершілік, және креативті ойлау қабілеті қалыптасады.

Қосымша білім беру мекемелері балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуда да маңызды рөл атқарады. Командалық жобалар мен іс-шаралар балаларға ынтымақтастықта жұмыс істеп, бір-бірімен араласуға, пікір алмасуға мүмкіндік береді. Мұнда балалар жауапкершілікті сезініп, қоғамдық белсенділік танытады. Бұл дағдылар олардың өмірде табысты болуы үшін өте маңызды. Қосымша білім беру мекемелері арқылы жастар өздерінің азаматтық ұстанымдарын қалыптастырып, қоғамда белсенді азаматтар болуға үйренеді.

Рухани және мәдени тәрбие қосымша білім беру мекемелерінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениетімізді насихаттау, балалардың рухани әлемін байыту – бұл жұмыстың негізі. Мәдени шаралар, көрмелер, және әдеби кештер балалардың мәдениетіне деген қызығушылығын арттырады. Олар өз халқының тарихы мен салт-дәстүрлерін танып, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырады. Осыған байланысты «Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм тұз! атты бір апталық мерекелік іс-шара өткізілген болатын. Олай болса бізде бүгін 14 наурыз. Көрісу күні! Жаңа жылды Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша қарсы алатын аймақ тұрғындар 14 наурызды «Көрісу (яғни қауышу) күні» болып саналады. 15 наурыз күнін Жайлау күні. Жайлау — жазғы қоныс. Жайлауда суы мол, шөбі шүйгін жерлерді қоныс тепкен. 16 наурыз Бата күні. Бата, бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бүгін Қыдыр атаның бата беруінің куәгерілері болды. 17 наурыз Тарихқа тағзым күні болып белгіленіп бір апталық іс-шараларымыз тақырыптарға сай өткіздік. Мереке шымылдығы патриоттық сезімдерін оятатын күмбірлеген домбыра үйірмешілерінің орындауындағы «Жастар күй биі» және «Көксерек» күйімен ашылды. Сонымен қатар мерекелік кештің ажарын би үйірмелерінің «Шашу», «Қымызхана», «Қара жорға», «Қазақ қызы», «Көктем» билері одан әрі айшықтай түсті. Ынтымақтастық ұжыммен, топпен жақсы жұмыс істейтін білім

ортасындағы негізгі құндылықтарының бірі болып саналады. Балалар үйірмешілер арасында кездесіп пікір таласып, ұжымдық жұмыстарда алға қойған мақсаттарға жете алатындарына сезіну керек. Балаларымыздың ынтымақтастық құндылықтарын арттыру мақсатында қазақ халқының терең тамырлы өнегелі әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін балалар бойына дарытып, адамгершілік рухында тәрбиелеу қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерінен сыр шертетін музыкамен әрленген театрландырылған көріністер көрсетілді. Спорт – қосымша білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының маңызды бөлігі. Спорттық секциялар мен жарыстар балалардың физикалық дамуын қолдайды, салауатты өмір салтын насихаттайды. Спорттық іс-шаралар арқылы балалар командада жұмыс істеуді, табандылық пен тәртіпті үйренеді. Спорт оларды белсенді, дені сау азамат етіп тәрбиелейді, осылайша оларда өмірдің әр саласында табысты болу мүмкіндігі артады. Спорттың тәрбие жұмысына ықпалы

Денсаулықты нығайту: Спорт балалардың физикалық дамуын жақсартады, денсаулықтарын нығайтады.

Командалық жұмыс: Спорттық ойындар балаларды командалық жұмысқа үйретеді, олар бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуді, қарсыластармен әділ бәсекелестікті меңгереді.

Психологиялық даму: Спорт балалардың стресс пен психологиялық қысымды жеңуге, төзімділік пен сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Спорттық іс-шаралар балаларды салауатты өмір салтын ұстануға, дұрыс тамақтануға және физикалық белсенділікке ынталандырады. Сарайымызда спорттық бағытында «Білім мен спорт - егіз» атты айлығының барысында өткізілген кіші олимпиадалық ойындар жүргізілді. Оқушылардың физикалық белсенділігін арттыру, спорттық дағдыларын дамыту және білім мен спорттың үйлесімін көрсету. Бұл шара салауатты өмір салтын насихаттауға, командалық рухты және достықты нығайтуға бағытталған «Шахмат әлеміне саяхат» атты интеллектуалдық ойындары өткізілді. Шахмат әлемі мен ойын теориясын тереңірек таныстыру. Ойын шахматтық білімді тексеру және қатысушылардың стратегиялық ойлау қабілеттерін дамыту үшін ұйымдастырылды.

Қосымша білім беру мекемесіндегі тәрбие жұмысы – балалардың жан-жақты дамуына, олардың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған ерекше процесс. Мұнда әрбір бала өзін-өзі танып, қабілеттерін ашып, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік алады. Тәрбие – жастардың болашағын құратын алтын арқау, ал қосымша білім беру мекемелері – сол арқауды қалыптастыратын ең басты алаң. Бұл жерде біз тек білім ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді де бойға сіңіреміз. Болашақ ұрпақтың мықты, мәдениетті, және жауапты азаматтар болып қалыптасуы – осы тәрбие жұмысының жемісі.

Болашақ ұрпақтың мықты, мәдениетті, және жауапты азаматтар болып қалыптасуы – осы тәрбие жұмысының жемісі. Жастардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруы, ұлттық құндылықтарды түсінуі, және қоғамға қызмет етуі – біздің ортақ мақсатымыз. Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру арқылы біз өз қоғамымызды дамытуға, мәдениетімізді сақтау мен алға жылжуға мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Сабыров, А. Тәрбие жұмысының негіздері. - Алматы: Рауан, 2015.
Тұрғынбаева, Г. Жасөспірімдермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру. - Астана: Фолиант, 2018.
Бейсембаев, Е. Білім беруде тәрбие жұмысының рөлі. - Алматы: Мектеп, 2017.
Мадиева, Ш. Психология және тәрбие. - Алматы: Білім, 2016.
Сейдалы, Н. Тәрбие теориясы мен практикасы. - Астана: Ұлттық баспа, 2019.
Кеңесбаев, С. Жастар тәрбиесі: дәстүр мен жаңашылдық. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.
Ғиззатов, С. Тәрбие жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру. - Алматы: Атамұра, 2014.
Дүйсенбаева, Л. Командалық жұмыс: педагогикалық аспектілер. - Астана: Кітап, 2021.

ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ



**Есмагамбетова Кымбат Сапаргазиевна,
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласының
«№2 Оқушылар сарайы» КММ,
қосымша білім беру педагогі**

Оқушымен жұмыс жасамас бұрын, біз өзіміз бірінші ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыса аламыз ба, оқушыға жәрдем бере аламыз ба, зерттеу алгоритімін білеміз бе? Міне, мәселе сонда.

Зерттеу – дарынды балаларды оқытудың негізі. Олай болса білім беру ұйымында оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің

қабілеттерін ашуға көмектесуіміз қажет. Зерттеу жұмысын жазу, шығармашылықпен айналысу оқушының шешімін қабылдауына дағдыландырады, аналитикалық ойлау қабілетін дамытады.

Мектеп оқушысына «Ғылым» деген сөз өте күрделі, сондай бір орындалмайтын, істей алмайтын әрекет, қатты айтылған сөз боп естілетін шығар, бірақ біз ғалымдардың зерттеу жұмыстарын салыстыру, зерттелген жұмысқа өзінің пікірін қосу, айтылған ойларды жинақтау, эксперимент жасау сияқты қарапайым әрекеттерді жасайтынымызды жеткізу керек.

Мен сіздерге өзімнің тәжірибемнен өткізген, ғылыми-практикалық конференцияларда қазылық еткендегі мектеп мұғалімдерінің жіберетін қателіктері туралы зерделеп берейін.

Ғылыми жетекшінің ролі. Ғылыми жетекші жаңа бастаған ғалымның шығармашылық ізденіс бастамасын негіздеуде көмектесуде және нәтижелердің талдауын, зерттеу барысын қамтамасыз ету керек. Зерттеу қызметінің негізгі жетістігі оқушы мен мұғалімнің уәжі (мотивация немесе қызығушылық). Ғылыми жұмыспен өзі айналысатын мұғалім ғана зерттеу қызметіне үйрете алады. Ғылыми жетекші оқушыға зерттеу тақырыптарын ұсынады, сол тақырыпқа сәйкес келетін әдебиеттер тізімін де береді. Дара ыңғайын жүзеге асырып, оқушының мүмкіндігін бағалай отырып, мұғалім түсінік берулер, ұсыныстар, кеңестер формасында алда болатын жұмыстың мазмұны мен сипатын елестетуге көмектеседі. Жұмысты орындау дербестігі өте жоғары бағаланады, бірақ мұғалім әр жұмыс кезеңін бақылаусыз, кеңессіз қалдырмауы қажет. Ал педагогтерге аттестация өту үшін нәтижелер керек болғандықтан, асығыс-үсігіс өздерінің дипломдық, курстық жұмыстарын балаларға беріп, жаттатып алып келеді, кей уақытта тіпті бала сұрақ қою барысында не туралы жазылғанын да білмейді. Сондықтан баланы да, өздерін де күлкіге қалдырмауын сұрап жатамыз.

Зерттеу жүргізудегі ең маңызды нәрсе проблеманы көре білу болып табылады. Проблема теориялық немесе практикалық болуы мүмкін. Ол – белгілі бір қиыншылыққа тап болу. Қиындықтан шығу зерттеуге бағытталған жан-жақты ізденісті талап етеді. Мұнда ғылыми проблемалардан жасырын (жалған, алдамшы) проблемаларды айыра білу маңызды. Проблема болмаса, зерттеп қажеті қанша.

Проблеманы көру	Проблеманы көре алмау
Мақсаты мен нәтижесі сай, бірізді	Тақырыптан ауытқу
Зерттеу жұмыстары нақты	Зерттеу жұмыстарының сәйкессіздігі
Талдау жасай білу	Нысаны мен пәнін айыра алмау
Зерттеу жұмысының нысанын көру	Міндетін айқындай алмау

Проблеманың сипатын ашып беретін – тақырып. Ғылыми зерттеу жұмысының табыстылығы – тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты кім таңдайды? Мұғалім бе, оқушы ма? Әрине, сондықтан мұғалім ұсынған тақырыптарды өзі беске білу керек. Тақырыпты таңдау лезде ала салатын емес, ол ізденістің нәтижесінде таңдалады. Ең бастысы, өзіне қызықты және тартатындай болу керек. Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек. Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтер болу керек және оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек. Жас зерттеушіге көптеген материалды талап ететін, кең көлемді тақырыптарды алмағаны дұрыс. Егер кең көлемді тақырыптарды алса, онда бұрыннан барды көшірумен ғана шектеледі. Соның салдарынан жұмыс өзектілігінен айырылады. Нақты тақырыппен жұмыс қана жаңа бастаған зерттеушіні табысты ғылыми нәтижелелерге жеткізеді. Тақырып нақты болмаса, зерттеушінің де ойы жинақталмайды.

Соңғы жылдары ШҒА конференцияларында қорғалған тақырыптар тізбесі:

Сәтті таңдалған тақырыптар	Сәтсіз таңдалған тақырыптар
С.Мұқановтың «Лашын» әңгімесіндегі кәсіби сөздер	Балқаш өңірінде жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі және болашағы
Жыраулар поэзиясындағы адамгершілік қасиет	Туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру және дамыту
Ш.Уәлиханов тәрбиесіндегі Айғаным әжесінің ролі	Тері аурулары
Орыс және қазақ мақал-мәтелдеріндегі әйел бейнесі	Көліктер

Келесі кезек мақсаты мен міндетін айқындау керек.

Осы жұмысымнан не шығады? Не шықпайды? Неге? Не себепті? Не істеу керек? Қандай әдебиеттермен жұмыс жасау керек? Қандай анықтама, сөздіктерді қарау керек? Тағы қандай мәселелерді қарауым керек? Осы тақырып бойынша қандай жетістіктер бар? Тақырыпты толық аша алдым ба? т.с.с. сұрақтарға жауап іздеуі керек. Сол уақытта мақсат өзі алдарыңыздан шыға келеді. Бірақ кейде мақсаттар шын өмірмен үйлеспей, мақсат емес, орындалмас арман болып кетеді. Мақсаттарымыз орындалу үшін не істеу керек? Мақсатты қалай дұрыс қою керек?

- Кез келген мақсаттың белгілі бір сапалық көрсеткіштері болуы керек. Егер сіз мақсатыңызды осы көрсеткіштермен өлшей отырып қоя білсеңіз, оған жету жолыңыз оңай, қадамдарыңыз жүйелі болады.

- Нақтылық. Өзіңіз не қалайтындығыңызды анық білмесеңіз, нәтижеге жету өте қиын болмақ. Мақсаттарыңызды нақтылаңыз.

- Мақсат өлшемі. Мақсатыңыз қай жағдайда орындалады? Мақсатыңызға өзіңізше өлшем бірлік беріп, шкала құрыңыз.

- Қолжетімділігі. Бұл қасиет мақсат пен арманның бірден-бір айырмашылығы. Армандарыңыз орындалмастай болуы мүмкін, алайда мақсатыңыз қол жеткізе алатындай болуы керек.

- Орындалу уақыты. Әр мақсатқа өзінің уақытын тағайындау қажет.

Ал міндеттер – мақсатқа жету үшін жүзеге асыратын іс әрекет екенін бәріңіз білесіздер.

Тақырыпты таңдап, мақсат міндетті қойғаннан кейін болжам жасауды үйрену керек. Болжам – бұл әлі айқындалмаған, логикалық дәлелденбеген және тәжірибеден өтпеген құбылыс. Болжамдағы басты талап нақты материалдармен келісілуі тиіс. Болжам әрине, көбінесе «Егер» сөзінен басталуы мүмкін. Егер мен «Мақал-мәтелдердегі әйел бейнесі» тақырыбын зерттесем, өсіп келе жатқан жас қыздардың санасына әйел затының мықты, рухты, байсалды, инабатты, көрікті болуына қолдан жасалған буклеттер арқылы әсер етемін.

Опыт. В цилиндр наберите 5 мл куриного желтка, аккуратно перелейте в пробирку. Добавьте 2 мл раствора брома. Свои наблюдения занесите в таблицу.

Что сделали?	Что наблюдали?	Вывод

Вывод: _____

Практическая работа №4

Получение бетулина

Оборудование и реактивы: кора березы, этанол 90%, экстрактор Соксклета.

Ход работы

Опыт. Вручную очистить кору березы от ненужных компонентов. 35г измельченную верхнюю часть коры березы положить в резервуар, 150мл этанола налить в круглодонную колбу и непрерывно экстрагировать.

Что сделали?	Что наблюдали?	Вывод

Динамика развития уровней развития познавательного интереса обучающихся согласно классификации Г. И. Шукиной [3]отражена на рис.1.

Как видно из рис. 1, 11 обучающихся в конце года показали высокий уровень познавательной активности. Они задавали вопросы познавательного поискового характера, которые показывали понимание учащимися причины явления. Эти обучающиеся составили 61 % от общего количества обучающихся, которые приняли участие в опытно-практической работе.




Рис. 1

Как известно, для успешного обучения в школе метапредметные умения просто необходимы. Благодаря развитию познавательного интереса, у школьника формируется желание учиться, стремление получать знания, общее позитивное отношение к знаниям. А это тем важно, что только эмоционально-положительное отношение к процессу познания обеспечивает готовность школьника к будущей жизни.

Кроме того, в начале учебного года на занятиях во Дворце школьников нами проводилось анкетирование учащихся с целью выявления ведущего мотива учебной

деятельности на занятиях по химии. Результаты анкетирования сравнили с результатами повторного опроса, который был проведен в конце года. В нижеследующей таблице представлены основные мотивы учебной деятельности учащихся.

Результаты анкетирования на начальном и конечном этапах педагогического эксперимента

Мотив	Результаты анкетирования	
	В начале учебного года	В конце учебного года
Желание получить хорошую оценку	31%	69%
Необходимость сдачи выпускных экзаменов (ЕНТ)	8%	40%
Желание повысить свой уровень знаний по предмету	10%	41%
Интерес к предмету	16%	34%
Интерес к <u>учителю</u> , его способу подачи материала, желание «быть как учитель»	7%	11%

Таким образом, результаты опроса доказывают, что при участии школьников в проектной работе значительно возрастает ценность личностных мотивов самоопределения и самосовершенствования, их желание повысить свой уровень знаний по предмету, стимулируются познавательные мотивы. Уменьшается боязнь неудач, неуверенность в своих силах, страх получить неудовлетворительную оценку. Можно говорить о том, что проектная ученическая деятельность повышает познавательную активность учащихся.

Познавательный интерес - это направленность личности на познание окружающего мира, которая характеризуется такими признаками, как активность, избирательность, стремление познавать предметы и явления окружающего мира и их взаимосвязи; процесс формирования и развития познавательного интереса осуществляется в учебной деятельности.

Таким образом, на основе наблюдения за деятельностью учащихся в ходе эксперимента, работе над достижением результата опыта и его практическим применением было замечено, что формирование и стимулирование познавательного интереса к изучению химии в условиях организации дополнительного образования будет наиболее эффективным, если созданы следующие условия:

- 1) использование химического эксперимента в целях создания педагогических ситуаций, требующих решения познавательных задач, выдвижения предположений, исследовательского поиска и построения умозаключений;
- 2) в содержание проектной деятельности будет включен региональный компонент, хорошо знакомый учащимся;
- 3) исследование будет нацелено на осознание практической значимости результатов проектной деятельности, апробации созданного продукта на добровольцах;
- 4) в ходе исследования будут учтены психолого-возрастные особенности школьников и уровень их интеллектуального развития.

3. Результаты проведенного педагогического эксперимента свидетельствуют о том, что при организации проектной деятельности в рамках разработанного кружка «Биологически активные вещества в жизни человека» происходит развитие познавательного интереса у обучающихся по химии.

Литература:

1. Ананьев Б.Г. Познавательные потребности и интересы //Ученые записки ЛГУ. Психология. -Л., 1959. -Вып. 16. - №265. – 41с.
2. Асмолов А. Г. Дополнительное образование как зона ближайшего развития образования в России: от традиционной педагогики к педагогике развития. Внешкольник, 1997. - №9 – 74с.
3. Шукина Г. И. Проблема познавательного интереса в педагогике. - М.: Педагогика, 1971. – 86 с.

ҮЙІРМЕ САБАҚТАРЫНДА LESSON STUDY ӘДІСТІ ПАЙДАЛАНУ

**Ыбырай Нурлан Шапенұлы,
Қарағанды облысы Қарағанды қаласының
«№2 Оқушылар сарайы» КММ**

Қосымша білім беру мекемелерінде сабақтарды тиімді өткізу үшін Lesson Study (LS) әдісін қолдану маңызды. Бұл әдіс оқушылар саны аз, ал мұғалімдер саны көп жағдайларда қолайлы болып саналады. Сабақ барысында оқу үдерісін жақсарту және оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдерін енгізу үшін LS әдісі тиімді құрал болып табылады. Үйірмелерде бұл әдіс зерттеу үдерісін жеңілдетеді және білім сапасын арттырады. LS әдісі уақыт пен ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

Для эффективного проведения занятий в организациях дополнительного образования важно использовать метод Lesson Study (LS). Этот метод считается подходящим в тех случаях, когда количество воспитанников невелико, а количество педагогов велико. Метод LS является эффективным инструментом совершенствования процесса обучения и внедрения новых способов оценки знаний учащихся на уроке. В кругах этот метод упрощает исследовательский процесс и повышает качество образования. Метод LS позволяет оптимально использовать время и ресурсы.

Тірек сөздер: Қосымша білім беру, әдіс, оқу үшін бағалау, үйірме

Қазақстан Республикасында қосымша білім мекемелеріндегі сабақтары жалпы білім беретін орындарында өтетін сабақтардан айырықша өтетіні белгілі. Бұл, үйірмелердің факультативті, қосымша білім беру мазмұнынан екенін белгілі. Дегенмен, жалпы білім беру мекемелерде біраз жылдары пайдалана басталған Lesson study (LS) әдісін үйірмелердің сабақтарында да пайдалануға болады. Ол үшін бұл әдісті үйірмелердің сабақтарына қарай бейімделу керектігі түсінікті.

LS әдісінің тарихына қарсақ, бұл әдіс осыдан 150 жыл бұрын Жапонияда құрылған және осымен Батыста пайдалана бастаған «Белсенді зерттеу» (Action Research) 70 жылға озып кеткен. LS әдісі концептуалды оқу амалдарын, соның ішінде Оқу үшін бағалау (Оүб), Afl (Assessment for learning) педагогикалық амалдарды әзірлеу үшін пайдаланады [1]. Сонымен қатар LS технологиясы 2014 жылдан бастап Қазақстанда жақсы зерттелген және оның әдістемесі өте жақсы өңделген [2].

Дегенмен, Қазақстанда LS әдістемесі жақсы зерттегенімен осы жылдары оның ерекшеліктері таныла басталды. Біріншіден, бұл әдісті соңына дейін өткізіп нәтижені қорытындылау салыстырмалы түрде көп уақыт қажет екендігі байқалған. Екіншіден, LS әдісі бала саны аз, ал мұғалімдер саны көп білім беру мекемелерде тиімді болып келетін әдістердің бірі болып шықты.

Сондықтан бұл әдісті қосымша білім беру мекемелерінде пайдалануы өте тиімді болып келеді, себебі, салыстырмалы ұзақ уақыттың ішінде мектептерден қарағанда үйірмелерде оқып шығатын балалардың саны азырақ болып, көлемді зерттеуді өткізуге ыңғайлы етеді. Төмендегі Кесте 1 «Микроэлектроника» үйірмеде жоспарланып жатқан LS әдісі бойынша топ балалармен үш сабақтар: «Лазер станоктың жалпы жұмыс принцибімен танысу», «Микроконтроллердің теориясымен танысу», «C++ тілінде программалаудың негіздері» жобаланған сабақтардың өту үдерісі көрсетілген.

Кесте 1

**Lesson Study әдісі бойынша «Микроэлектроника»
үйірменің топ балалармен өткізу егжей-тегжейлі жоспары**

Мақсат: Оқушыларда оқу-логикалық бейімділіктерді: себеп-салдар қатынастарды, талдау, оқу материалдарды салыстыру мен жинақтау үрдістерді дамыту

№	Шаралар	Мақсат	Өткізу формасы	Ресурстар	Күтілетін нәтижелер	Шараны өткізу мерзімі
1.1	Lesson study қатысушылар мен кездесу	- Lesson study өткізу мақсатын анықтау, -Күтілетін нәтижелерді анықтау - Lesson Study сабағында өткізу мен қатысу ережелерін бекіту	Әңгімелесу	Пит Дадли «Lesson study: Руководство»	Фокус топтың мүғалімдері Lesson study өткізу әдісімен таныстырылады, өткізу мақсаты, «зерттелетін» оқушылар анықталады	17.12.2024
1.2	Микроэлектроника үйірменің №1 «Лазер станоктың жалпы жұмыс принцибімен танысу» тақырыбы бойынша	Сабақтың егжей-тегжейлі дәріс жоспарды әзірлеу	Зерттеу әңгімелесу («Лазер -физикалық құбылыс» стратегиясына сәйкес) Топтық (лазер эффектісін проблемалық шешу, лазердің схемасын, суреті)	Көрнекілік материал - тірек сурет схема; бағдарламалар, компьютер, АКТ	- Лазер станоктың жұмыс істеу алғышарттарын біледі - ынтымақты жұмыс жасауына алғышарттарды біледі	20.12.2024
	сабақты дайындау		жеке (ішкі суммативті бақылау үшін тапсырмалар)			
1.3	Сабаққа қатысу	Оқушылардың әртүрлі кезеңдерде болжалған мінез-құлықтарына сәйкестік дәрежені анықтау	Сабаққа қатысу	Бақылау схема	Лазер станоктың жалпы жұмыс принципімен таныс болу	23.12.2024
1.4	Үш оқушыдан сұхбат алу	- Әр оқушының қандай жетістіктерге жеткенін анықтау, - бұл оңтайлы болды ма - басқа оқушылар өздері ұсынатын топтарда қандай нәтиже көрсетті, - олар не үйренді және сабақтың тиімділігін жақсарту үшін нені және қалай өзгертер еді сұрақтарға жауап табу.	Әңгіме	- Сұхбатты жазу - Студент термен сұхбат схемасы	Оқушылармен «Кері байланыс»	23.12.2024
1.5	Сабақты талдау және талқылау	- «Зерттелген» оқушылардың оқу іс-әрекетін талқылау, - сабақтың қандай кезеңдерінде күтілетін нәтижеге жеткенін анықтау және қай кезеңдер реттеуді қажет етеді	Жинақталған әңгіме	Бақылау схемасы	Сабақ әдістемесінің тиімділікке жету лайықтылығын анықтау	26.12.2024

2.1	Микроэлектроника үйірменің №2 «Микроконтроллердің теориясымен танысу» тақырыбы бойынша сабақты дайындау	- Сабақтың егжей-тегжейлі деріс жоспарды әзірлеу	- Зерттеу әңгімелесу («Микроконтроллер – аса күрделі электроникалық құрылғы» стратегиясына сәйкес); - Atmel микроконтроллерінің функционалдығы бойынша топтық формасында жұмыс	- компьютер, бағдарламалар, оқулық, көрнекілік, схема-сурет, проектор, АКТ	- негізгі ұғымдарды: кіріс-шығыс порттар, тірек кернеулік, мағлұмат каналдар түсініктерді біледі	27.12.2024
2.2	Сабаққа қатысу	Оқушылардың әртүрлі кезеңдерде болжалған мінез-құлықтарына сәйкестік дәрежені анықтау	Сабаққа қатысу	Бақылау, схема	Сабақ әдістеменің тиімділікке жету лайықтылығын анықтау	06.01.2024
2.3	Үш оқушыдан сұхбат (сауалнама) алу	- Әр оқушының қандай жетістіктерге жеткенін анықтау, - бұл онтайлы болды ма - басқа оқушылар өздері ұсынатын топтарда қандай нәтиже көрсетті, - олар не үйренді және сабақтың тиімділігін жақсарту үшін нені және қалай өзгертер еді сұрақтарға жауап табу.	Әңгіме	- Сұхбатты жазу - Студент термен сұхбат схемасы	Оқушылармен «Кері байланыс»	06.01.2024
2.4	Сабақты талдау және талқылау	- «Зерттелген» оқушылардың оқу іс-әрекетін талқылау, - сабақтың қандай кезеңдерінде күтілетін нәтижеге жеткенін анықтау және қай кезеңдер реттеуді қажет етеді	Жинақталған әңгіме	Бақылау схемасы	Ұсынылған сабақ әдістеменің тиімділікке жету сәйкестікті анықтау	08.01.2024
3.1	Микроэлектроника үйірменің №3 «C++ тілінде программалаудың негіздері» тақырыбы бойынша сабақты дайындау	- Сабақтың егжей-тегжейлі деріс жоспарды әзірлеу	«Шын және жалған пікірлер» стратегиясын қолдана отырып, негізгі білімдерін жаңарту; Жаңа материалды постер құра отырып топта біліп тану; Талқылау арқылы есте бекіту	оқулық, сурет, тірек, схема, бағдарламалау орта, компьютер, АКТ	C++ тілінде программалаудың негізгі түсініктерді пайдаланып C++ тілінде бағдарлама жаза алады	21.01.2024
3.2	Сабаққа қатысу	Оқушылардың әртүрлі кезеңдерде болжалған мінез-құлықтарына сәйкестік дәрежені анықтау	Сабаққа қатысу	Бақылау, схема	Сабақ әдістеменің тиімділікке жету лайықтылығын анықтау	27.01.2024
3.3	Үш оқушыдан сұхбат алу	- Әр оқушының қандай жетістіктерге жеткенін анықтау, - бұл онтайлы болды ма	Әңгіме	-Сұхбатты жазу - Студент термен сұхбат схемасы	Оқушылармен «Кері байланыс»	27.01.2024

		- басқа оқушылар өздері ұсынатын топтарда қандай нәтиже көрсетті, - олар не үйренді және сабақтың тиімділігін жақсарту үшін нені және қалай өзгертер еді сұрақтарға жауап табу.				
3.4	Сабақты талдау және талқылау	- «Зерттелген» оқушылардың оқу іс-әрекетін талқылау, - сабақтың қандай кезеңдерінде күтілетін нәтижеге жеткенін анықтау және қай кезеңдер реттеуді қажет етеді	Жинақталған әңгіме	Бақылау схемасы	Сабақ әдістемесінің тиімділікке жету лайықтылығын анықтау	30.01.2024
4	Lesson Study нәтижелері туралы әріптестерге ресми түрде баяндап айту	- Оқушылар сарайының мұғалімдерін сабақты зерттеу нәтижелерімен таныстыру	Презентация, баяндама, жинақталған әңгіме	Презентация, фото-видео	- мектеп мұғалімдерінің оқу тәжірибесіне Lesson study әдістемесін енгізуге ықпал ету	11.02.2024

Lesson Study өту кезеңдерінің сәт-сәтімен жалпылама схемасы Сурет 1 көрсетілген.



Сурет1

Пайдаланылған көздер тізімі:

1. Дадли П. (2014) Lesson study: руководство. www.lessonstudy.co.uk.
2. «Lesson study» как способ совершенствования практики обучения (2014). Әдістемелік нұсқаулық. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА.

ӨНЕРЛІ ХАЛЫҚ – ӨМІРШЕҢ ХАЛЫҚ

**Бозтаева Индира Муратовна,
Қарағанды облысы қарағанды қаласының «№2 оқушылар сарайы»
КММ, «Қолөнер және керамика» үйірмесінің жетекшісі**

Қолөнер, қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды.

Ремесла, прикладное искусство – мелкое производство традиционных предметов быта и декоративного искусства. Ремесленники в основном используют природное сырье и с помощью простых орудий труда изготавливают предметы домашнего обихода, музыкальные инструменты, оружие, инструменты с помощью художественной композиции.

Қолөнер - дүние жүзінің әр халқында бар, ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтады. Шын мәнісінде, олардың әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар.

Халық шеберлері темірді, күмісті, алтынды және олардың қоспаларын көркемдеп, өңдеу әдісін ерте кезден-ақ білген. Бертін келе олардың технологиясын жетілдіріп, тамаша бұйымдар жасаған. Мысалы, темірді бедерлеп құю мен өрнектеудің озық үлгісі Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі тайқазан, бедерлеп жасалған әбдірелер, Алтын адам, тарихи өлкетану мұражайларындағы зергерлік бұйымдар жатады. Болат темірден жасалған қару-жарақтар, темірден жасалған үй мүліктері, күмістеп, батырмалап өрнектеу, жұқа қаңылтырдың бетін бедерлеп, көркемдеу тәсілдерімен жасалған бұйымдар - осындай еңбектің жұмысы.

Кәзіргі кезде, ғылым мен техниканың дамыған заманында, қазақ қолөнеріміз жас ұрпақ үшін ұмытылып бара жатқаны бәрімізге белгілі. Сол себепті, ұмытылып бара жатқан қолөнерімізді балаларға үйретіп, әрі қарай дамытып, өркендету керек деп ойлаймын.

Ал мен өз кезегімде, оқу бағдарламасына ұлттық тәрбие мақсатында осы дағдылардың негіздерін енгізуге тырысамын. Шырын, сусын қабырларын, жинап тегістеп, ұрғылап, керек формасына келтіріп, бетіне бедер саламыз. Бұл жерде – қажетті суретті салып алу керек, астынан рәзінке төсеніш төсейміз, бұйымның бетін нүктемен, сызықпен бедерлеу тәсілдері алуан түрлі болып келеді. Қабырдың бетін арнайы құрал-саймандардың көмегімен шекімелейді. Мұндай құрал-саймандардың қатарына арнайы шекігіштер мен балғалар жатады. Балғалар мен шекігіштердің түрлеріне байланысты олардың қызметі де әр-түрлі.

Оқу бағдарламасындағы, қазақ қолөнерімен таныстырудың тағы бір тақырыбы ағашқа ұлттық нақышта сурет салу. Бұл жерде әр түрлі тұқым ағаштардың бөліктеріне гуашь, акрил бояуларымен сурет саламыз. Суреттердің тақырыптары алуан түрлі, анималистік тақырып, пейзаж, портрет, тек бір ғана талап - қазақтың ұлттық нақышында. Оқушылар ізденіс, тақырып тандау кезінде, үлкен қызығушылық танытады. Нәтижесіне

де риза болады.

Оқушыларға беретін тәрбиелік мәні бар халықтың мұралары аз емес. Қазақ халқының өнерін іскерлігін, өнер шеберлерінің қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды атап, бұрынғы мен бүгінгісін салыстыра отырып, ұлттық өнерді сүйюге, құрметтеуге баулу, бүгінгі шәкірт - ертеңгі еңбеккер тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген азамат етіп, оқушының жүрегіне жол тауып, олардың бойында еліне, жеріне, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін, үйренуге деген ынтасын, құштарлығын арттыру, қазақ қолөнерін жас жетіншектердің санасына жеткізудің құралы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. Алматы: «Алматыкітап баспасы» 2011.
2. Нұрғалиев Б.Н. Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы: «Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы» 1991.

СОВМЕСТНАЯ ТВОРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ С РОДИТЕЛЯМИ И ДЕТЬМИ В ДОПОЛНИТЕЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Ахметова Эльмира Пазылбековна,
КГУ «Дворец школьников №2» г.Караганды Карагандинской области,
руководитель кружка по изобразительному искусству и дизайну
«Art-студия»**

В течение своей многолетней педагогической практики велась работа с родителями. Проводились многократно мастер классы, открытые уроки и внеурочные мероприятия. Взаимодействие с родителями, и привлечение их в совместную творческую деятельность даёт возможность:

1. Раскрыть творческие способности каждого участника.
2. Всесторонне развивать личность ребёнка.
3. Посмотреть на взаимоотношения со своим ребёнком по-новому.
4. Достичь взаимопонимания и стать ближе друг к другу.
5. Повысить педагогическую культуру родителей.

В учебном процессе в дополнительных организациях было замечено, что родителей не часто привлекают в совместную творческую деятельность по изобразительному искусству. Проводя несколько раз мастер-классы по изобразительной и прикладной деятельности для детей и взрослых, я решила ввести данную практику в свою профессиональную деятельность. В течение нескольких лет в данной организации мною были проведены мастер классы на различные виды искусства и техники по изоискусству:

- о «Создание узорной композиции в технике пейп-Арт»;
- о «Браслеты из шерсти своими руками»;
- о «Технология изготовления изделий из кожи - декоративная роза»;
- о «ПЕЙП-АРТ – БУМАЖНОЕ ИСКУССТВО ДЛЯ НЕОБЫЧНОГО ДЕКОРА»;
- о «Изготовление поделки из фетра»;
- о «Изготовление декоративных цветов из фетра»;
- о «Необычными вещами мы рисуем без труда» нетрадиционная техника рисования;
- о «Изделия из бумаги. Изготовление цветы из гофрированной бумаги».

Такие совместные мероприятия сейчас очень актуальны и играют большую роль в образовательном процессе, особенно в организациях дополнительного образования. Введение совместно творческих - практических работ в образовательный процесс выявило много плюсов и нашло положительных откликов со стороны учащихся и их родителей. Совместная творческая деятельность детей и родителей формируется хорошие

доверительные отношения между ними, оказывает положительное влияние на развитие ребенка и приучать его сотрудничать вместе в творческих работах.

Эта форма взаимодействия способствует не только творческому и интеллектуальному развитию ребенка, но и укреплению эмоциональной связи между родителями и детьми.

Вот несколько подходов и примеров творческой деятельности, которые могут быть использованы в рамках дополнительного образования с учетом опыта педагога:


о Проектная деятельность: совместное создание проекта, где каждый член семьи вносит свой вклад. Это может быть изготовление поделок, изготовление костюмов «Юные модельеры», стенгазет, построение макетов или творческих работ для выставки;



о Развитие командных навыков: совместные спортивные мероприятия, игры, конкурсы, викторины. Например, командная игра «Разноцветная палитра», «Праздник красок», «Картины в жанре», КВН «ИЗО-шоу».




о Творческие мастер-классы. Педагог может организовать регулярные творческие мастер-классы по различным видам деятельности: рисование, лепка, рукоделие, создание украшений. Родители и дети работают вместе, учатся новым техникам и создают свои произведения искусства.



о Проведение ярмарок - распродаж творческих работ детей. Педагог организует в конце учебного года ярмарки - распродажи творческих работ, изготовленных детьми, где дети и родители вместе создают поделки, сувениры, родители помогают детям в изготовлении поделок для ярмарки.



о Совместные конкурсы и выставки. Педагог может организовать конкурсы или выставки, где работы детей и их родителей выставляются на обозрение. Это может быть конкурс рисунков, совместных поделок или даже фотографий. Организация конкурса «Моя семья», где каждая семья представляет творческую работу: рисунок, фотографию или поделку, рассказывающую о семейных традициях.



о Совместные праздники с родителями. Это особая форма взаимодействия, которая предполагает объединение педагогов и семей воспитанников по случаю какого-либо события. Например, проведение к празднику «Наурыз», «Международный женский день-8 марта» и.т.д.



Практика показывает, что вовлечение родителей важно не только в участии детей, но и в активной поддержке и сотрудничестве с их стороны. Разные семьи могут иметь разные предпочтения и возможности, поэтому педагог должен предлагать разнообразные формы совместного творчества, которые будут интересны как родителям, так и детям. Творческая деятельность становится важным инструментом для педагогов дополнительного образования, способствующим не только развитию детей, но и укреплению семейных отношений.

Список использованной литературы:

1. Закон «Об образовании» РК №319-ІІІ от 27.07.2007 года, ст.49 «Права и обязанности родителей и иных законных представителей»
2. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 31 августа 2022 года № 385. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 31 августа 2022 года № 29329, Об утверждении Типовых правил деятельности организаций дошкольного, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, дополнительного образования соответствующих типов и видов.
3. Н.И.Дереклева, «Новые родительские собрания», Москва 2007 год.
4. [sovmetnaya_deyatelnost.docx](#). Опубликовано 04.10.2021 Тюкалова Ольга Дмитриевна «Влияние совместной творческой деятельности на взаимоотношения родителей и ребёнка».

БАЛА ЖАНҰЯ БІРЛІГІ – ЖАН – ЖАҚТЫ ДАМУДЫҢ, БІРДЕН – БІР ҚҰРАЛЫ

**Ахмет Гүлбақша Төлегенқызы, Гүлдана Сабыржанқызы,
Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім
бөлімінің «№ 2 оқушылар сарайы» КММ қосымша білім беру
педагогтері**

*«... адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек деп ұғу керек... Дүниеде теңіз терең
емес, адамның жаны терең... Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып,
басқалардың жан сырын ұға алады...
Мағжан Жұмабаев*

*«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын
болғандықтан, тәрбиеші сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»
Мағжан Жұмабаев.*

Кіріспе:

Тәрбие беру мәселесі әрбір ұлттың өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне негізделе отырып, сол қоғамның дамуымен қатар қалыптасады. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі – ұлт болмысы мен дәстүрінің айнасы» деген ойды алға тартқан. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту идеясы ертедегі Грек мемлекетінде пайда болып, өткен дәуірдегі алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылдарды терең толғантқан. Қазіргі кезеңде шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Жеке тұлғаның дамуы – мемлекеттің болашақта бәсекеге қабілетті болуының басты көрсеткіші.

Мақаланың мақсаты – ұлттық тәрбие әдістемесінің қазіргі заманғы қоғамдағы рөлін зерттеу және оны білім беру процесінде қолданудың тиімділігін анықтау. Сондай-ақ, тәрбие беру барысында ұлттық құндылықтар мен жаһандық білім беру арасындағы үйлесімділікті қарастыру.

Әдістеме:

Зерттеу барысында әртүрлі педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік әдістер қолданылды. Мәтіндерді және тарихи еңбектерді талдау әдісі арқылы тәрбие беру саласындағы тарихи деректер мен ойшылдардың пікірлері жинақталды. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен ұлттық тәрбие беру процестерін зерттеу үшін әдеби шолу және деректерді салыстыру әдісі қолданылды. Сонымен қатар, мектеп пен отбасының бірлігі негізінде тәрбие беру жүйесін зерттеу үшін бірнеше практикалық тәжірибелер жасалды. Осы зерттеуге қажетті негізгі әдістер ретінде әдеби талдау, педагогикалық бақылау, және сұхбат жүргізу әдістері таңдалды. Бұл әдістер ұлттық тәрбие әдістемесінің тиімділігін түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу бөлімі:

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту идеясы тек педагогика саласындағы ғалымдардың емес, сондай-ақ философиялық және әлеуметтік ойшылдардың басты назарында болды. Бұл ойлар қайта өрлеу дәуірінен бері жалғасын тапқан. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде бала тәрбиесіне қатысты: «Жас бала – жас бір шыбық, қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйіндейді. Баланың тұлғалық дамуы ең алдымен отбасы мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың негізінде жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Ата Заңында балаларды тәрбиелеу ата-ананың негізгі борышы болып табылады деп нақты көрсетілген. Елбасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында білім беру ұйымдарының маңызды рөлі ерекше атап өтіледі. Ол жастардың бойына қазақстандық патриотизм, ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық,

тектілік қасиеттерін сіңіру қажеттігін атап өткен болатын. Зерттеу барысында бала тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.Иассауи еңбектерінде кеңінен талданғаны анықталды. Сонымен қатар, кеңес дәуіріндегі педагогикалық еңбектерде де отбасы тәрбиесінің мәні ерекше орын алады. Мысалы, А.Макаренко отбасы тәрбиесінде ата-ананың рөлі туралы: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде» деген маңызды пікір қалдырған. Бала тәрбиесінің негізі ұлттық салт-дәстүрлерде жатқанын ұлы педагогтер үнемі ескертіп отырған.

Практикалық қолдану:

Бұл зерттеудің нәтижелері мектептер мен отбасылар арасындағы тығыз байланысты қалыптастыру арқылы тәрбие процесін жақсартуға көмектеседі. Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы оқушылардың бойына патриотизм мен ұлттық рухты сіңіру маңызды. Мектептегі тәрбие бағдарламасына ұлттық педагогикалық идеяларды енгізу балалардың жеке тұлғалық дамуына септігін тигізеді. Практикалық қолдану үшін отбасыларға ұлттық тәрбиені насихаттау бойынша кеңестер берілді, және мектептерде ұлттық құндылықтар негізіндегі арнайы сабақтар өткізу ұсынылды. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, ата-аналардың мектеп өміріне белсене қатысуы маңызды, сондықтан арнайы ата-аналарға арналған тренингтер ұйымдастыру керек.

Ұсыныстар: Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мектептерде ұлттық тәрбие бағдарламаларын жетілдіру қажет. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие әдістерін қолдану арқылы оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге болады. Сонымен қатар, мұғалімдер мен тәрбиешілерге ұлттық педагогиканың негіздерін үйрету бойынша арнайы семинарлар ұйымдастыру ұсынылады. Ұлттық тәрбиені қолдау және оны білім беру жүйесінде кеңінен қолдану үшін мемлекет тарапынан қолдау көрсету маңызды. Сонымен қатар, мектептерде оқушылардың ұлттық сана-сезімін дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру ұсынылады. Бұл іс-шаралар балаларды өздерінің ұлттық болмысына мақтанышпен қарауға және оны бағалауға үйретуге көмектеседі.

Қорытынды:

Зерттеу нәтижелері ұлттық тәрбие мен жаһандық бәсекелестік жағдайындағы тәрбиенің маңыздылығын дәлелдейді. Ұлттық тәрбие әдістемесі арқылы балаларды болашақ қоғамға дайын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген азамат ретінде тәрбиелеу – біздің қоғамның маңызды міндеті. Бұл салада әлі де зерттеулер жүргізу қажет, себебі ұлттық тәрбиенің рөлі уақыт өткен сайын арта түсуде. Ұрпақ тәрбиесіне қоғамның барлық мүшелері жауапты, сондықтан ата-аналар, мұғалімдер және қоғамның өзге өкілдері бірлесе жұмыс істеуі қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. М.Жұмабаев. Педагогика. Алматы. «Рауан», 1993. 154-б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. Мектеп, 1992-122б.
3. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика: - Астана, 1998..
4. Г.Асанова «Отбасы – бастапқы тәрбие мектебі» Қазақстан мектебі №1, 2007 ж.
5. З.Әсемжанова «Менің отбасым – менің үйім» Бастауыш мектеп журналы 2005, № 9 25-26 б.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІ БАРШАҒА ОРТАҚ

Айтбекова Алмагул, Абдрашитова Гульшахар Ельтаевна
Қарағанды облысы Қарағанды қаласының «№2 Оқушылар сарайы»
КММ, қосымша білім беру педагогтері

*«Бала-отбасының айнасы; күн бір тамшы судан шағылысатыны сияқты, ана мен әкенің
адамгершілік тазалығы да балалардан көрінеді»
В.А. Сухомлинский*

Аңдатпа. Қосымша білім беру ұйымдарында ең бірінші басты мәселе-отбасы мен тәрбиешілердің бірлесіп, ынтымақтастықта қызмет жасауы мақалада өзекті мәселенің бірі болып отыр. Мақалада баланың 5-6 жас дамуының аса маңызды және ерекше кезеңі екендігі көрсетілді. Баланың жан-жақты даму үшін тәрбие беру процесінің бірнеше бағыттары көрсетілген.

Аннотация. В статье одним из ключевых вопросов является сотрудничество и взаимодействие семьи и воспитателей в организациях дополнительного образования. В статье показано, что возраст 5-6 лет является особенно важным и уникальным периодом в развитии ребенка. Указаны несколько направлений воспитательного процесса для всестороннего развития ребенка.

Кілт сөздер: 5-6 жас кезең, даму, отбасылық тәрбие, жауапкершілік, қосымша білім беру.

Ключевые слова: 5-6-лет, развитие, семейное воспитание, ответственность, дополнительное образование.

Бала тәрбиесі – адамзаттың ең көне және ең маңызды міндеттерінің бірі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата –ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Бала өз отбасында ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылымдарын алуы, оларды меңгеріп іс-жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуі тиіс. Әрбір қоғам, әрбір ата-ана өз баласының саналы, тәрбиелі және мәдениетті азамат болып өсуін қалайды. 5-6 жас кезеңі бала дамуының аса маңызды және ерекше кезеңі болып саналады, өйткені дәл осы кезеңде бала өзінің физикалық, әлеуметтік және интеллектуалдық қабілеттерін дамыта бастайды. Бұл жастағы балаларды тәрбиелеу, олардың тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын ең маңызды қадамдардың бірі. Сондықтан бала тәрбиесі баршаға ортақ болғандықтан 5-6 жастағы баланың даму ерекшеліктеріндегі өзгерістер қоғамның әр мүшесінің назарында болуы тиіс.

Бұл жаста балалар көптеген маңызды дағдыларды меңгере бастайды және олардың интеллектуалдық және физикалық дамуы айтарлықтай қарқынды жүреді. Балалардың физикалық белсенділігі ең жоғары деңгейге жетеді. Олар жүгіру, секіру, өрмелеу сияқты қозғалыстарды оңай орындайды, сонымен қатар ұсақ моторика қабілеті жақсарады. Баланың өз бетімен әрекет етуге икемділігі артады. Сондықтан спорттық іс-шаралар мен қозғалыс ойындары арқылы балалардың физикалық дамуын қолдау өте маңызды. Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары да маңызды рөл атқарады. Гимнастика, жүзу, велосипед тебу сияқты іс-әрекеттер арқылы балалардың жалпы физикалық дайындығы артады, ал танымдық қабілеттердің қарқынды дамуы балалардың әлемді тануға деген қызығушылығын оятады. Осы уақытта балалардың есте сақтау қабілеті жақсарып, олар қоршаған орта туралы жаңа ақпаратты оңай қабылдайды. Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған ойындар мен тапсырмалар арқылы баланың танымдық дамуын қолдау маңызды. Сондай-ақ, бұл кезеңде балаға әңгімелер айту, кітап оқу, ертегілер тыңдату арқылы оның қиялын дамытып, танымдық қабілеттерін арттыруға

болады. Балаға айналасындағы заттардың атын, түсін, қасиеттерін түсіндіру, табиғат құбылыстарын зерттеу арқылы оның ойлау қабілеті мен әлеуметтік дағдылары қарқынды түрде қалыптасады. Олар достық қарым-қатынастар орнатып, топтық ойындарда бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді. Балалар үшін бұл кезеңде өзгенің сезімдерін түсіну, эмоцияларын білдіру және оларды басқару маңызды дағдыға айналады. Эмпатия сезімін дамыту арқылы бала айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесуді жақсы меңгереді. Әлеуметтік дамудың бір бөлігі ретінде балалардың достарымен ойнап, ережелерді сақтауды үйренуі, әлеуметтік ойындарға қатысуы да маңызды. Бұл оларға жауапкершілік пен өзара түсіністікті сезінуге көмектеседі.[1]

Бала дамуының бұл кезеңінде қарқынды түрде тілдік дағдылары дамиды. Оның сөздік қоры күрделене түсіп, балалар күрделі сөйлемдер құрып, өз ойын толық жеткізе алады. Осы уақытта балаға кітап оқи отырып, ертегілер айтып беру арқылы оның тіл байлығын арттыруға болады. Балаға қазақтың мақал-мәтелдерін үйрету, жұмбақтар жасыру оның тілдік қабілеттерін жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, әртүрлі тілдік ойындар ойнау арқылы баланың ойлау және сөйлеу қабілетін жетілдіруге болады. Тілдік даму баланың әлеуметтік және танымдық дамуының негізі болып саналады.

Баланың жан-жақты дамуы үшін тәрбие беру процесі бірнеше негізгі бағыттарға бөлінеді. Әр бағыт баланың болашақ өмірінде маңызды рөл атқарады және оның жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жастағы балалар өз бетімен әрекет етуге үйрене бастауы қажет. Киіну, тамақтану, жуыну сияқты күнделікті дағдыларды өздігінен орындай алуы- басты міндеті болып саналады. Өз бетімен әрекет ету арқылы бала өзінің тәуелсіздігін сезініп, жауапкершілікті үйренеді. Балаға ұсақ-түйек жұмыстарды тапсырған сайын оның өзіндік сана-сезімі арта түседі.

Баланы басқа балалармен қарым-қатынас жасауға, достарымен ойын ойнауға және топтық тапсырмаларды орындауға үйрету маңызды. Бұл оның әлеуметтік мінез-құлқының қалыптасуына көмектеседі. Балалар бір-бірімен ойнау, ортақ іс-шараларға қатысу арқылы өзара түсіністік пен сыйластықты үйренеді. Әлеуметтік дағдыларды дамыту баланың болашақта достарымен, әріптестерімен, қоғаммен жақсы қарым-қатынаста болуына ықпал етеді.[2]

Баланың танымдық қабілеттерін дамыту үшін оның қызығушылықтарына сай әртүрлі тапсырмалар мен ойындар ұсыну қажет. Баланы табиғат әлемімен таныстыру, жануарлар, өсімдіктер, ауа-райы туралы әңгімелер айту арқылы оның дүниетанымын кеңейтуге болады. Логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар мен тапсырмалар баланың ақыл-ойын жетілдіруге көмектеседі. Танымдық дамуға арналған шығармашылық тапсырмалар да баланың ой-өрісін кеңейтеді.[3]

Балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оларға еркіндік беру қажет. Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру сияқты іс-әрекеттер баланың шығармашылық қабілеттерін ашып, оның өнерге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, музыка, би, қолөнер сияқты өнер түрлеріне қатыстыру баланың эстетикалық дамуына әсері мол.

Балаға тілдік дағдыларды дамытуда ата-аналар мен тәрбиешілер ерекше назар аударуы қажет. Кітап оқып беру, әңгімелер айту, ертегілер тыңдату арқылы баланың сөздік қорын кеңейтуге болады. Сонымен қатар, тілдік ойындар арқылы балалар өз ойларын еркін жеткізе білуге және дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіруге үйренеді. Баланың тілдік дағдыларын дамыту арқылы оның танымдық және әлеуметтік дағдылары да жетіле түседі. Сол себепті

қосымша білім беру мақсаттарына қол жеткізу баланың білім беру мекемесінде болған алғашқы күндерінен бастап мұғалімнің балалар белсенділігі мен бастамасының әртүрлі формаларын жүйелі және мақсатты қолдауымен ғана мүмкін болады. Әрбір берілген сабақтарда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, оның мәдениеті, балаларға деген сүйіспеншілігі баланың қол жеткізетін жалпы даму деңгейіне, алған дағдыларының беріктігі, құндылық көзқарастарына, адамгершілік қасиеттеріне байланысты.

Бұл ұйымдар балалардың жеке қабілеттерін ашуға, олардың танымдық және шығармашылық әлеуметін дамытуға мүмкіндік береді. Баланың мектепке дейінгі дайындық

кезеңінде қосымша білім беру мекемелерінің қызметі оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Балаларға оқу, жазу және математика негіздерін үйрететін арнайы бағдарламалар бар. Бұл бағдарламалар балаларды мектепке даярлап, олардың оқу процесіне бейімделуін қамтамасыз етеді.[4]

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі шығармашылық студиялар ұйымдастырылады. Бейнелеу өнері, мүсіндеу, музыка, би үйірмелері балалардың шығармашылық қабілеттерін ашуға көмектеседі. Шығармашылық студиялар баланың қиялын дамытып, оны шығармашылық әрекеттерге ынталандырады.

Спорттық секциялар балалардың физикалық дамуын қолдайды. Гимнастика, жүзу, футбол сияқты спорт түрлеріне қатысу арқылы балалардың денсаулығы нығайып, физикалық қабілеттері артады. Спорттық секциялар арқылы балалар тәртіп пен өзара ынтымақтастықты үйренеді.

Біздің қосымша білім беру ұйымындағы «Шамшырақ» ерте даму кешенінде әр баланың мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай оқу мазмұнының түрлі әдістерін қолданамыз. Мысалы «Көркем әдебиет», «Айналамен таныстыру» сабақтарында түрлі, қызықты ойындар, «Суреттер сөйледі», «Суретті сәйкестендір», «Артығын тап» әдіс-тәсілдер қолданылады. Жан-жақты ой-өрістерін дамытуда сахналық қойылымдар, зерттеу жұмыстары, мақал-мәтел, жұмбақтар жаттау арқылы еркін сөйлеуге, сын-тұрғысынан ойын ашық жеткізуге, қасындағы досына құрметпен қарауға мүмкіндік алады. Тілдік сабақтар арқылы балалар ана тілін немесе шет тілдерін меңгеріп, олардың тілдік қабілеттері дамиды. Ерте жастан шет тілін үйрену баланың болашақта көп тілді меңгеруге деген қызығушылығын жоғарлатады.

Экологиялық жобалар мен сабақтар өткізіліп, балаларға табиғатты аялау және оған деген жауапкершілікті түсіндіру маңызды. Экологиялық білім беру балалардың қоршаған ортаны қорғауға деген сүйіспеншілік құндылықтарын қалыптастырып, олардың табиғатпен байланысын нығайтады.

Балаларға топпен жұмыс істеуді, бірлескен жобаларды орындауды үйретеді. Бұл оларға қоғамда дұрыс әрекет етуді, ортақ мақсаттарға жету үшін ынтымақтасуды үйренуге көмектеседі. 5-6 жасар балаларды тәрбиелеу барысында ата-аналарға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Ата-аналар баланың дамуына көңіл бөліп, оның қызығушылықтарын қолдап отыруы аса маңызды. Әр бала ерекше тұлға, отбасы тәрбиесінде оның қабілетін байқап жан-жақты дамуына жағдай жасалуы керек. Қызығушылықтары бойынша қосымша білім беру мекемелеріне жазу арқылы оның қабілеттерін дамытып, әрбір жетістігін бағалап, мадақтап өзіне деген сенімділігін арттыру қажет. Балалар ойын арқылы жаңа білім мен дағдыларды тез меңгереді, сондықтан оқыту процесін ойынмен байланыстыру өте тиімді. [5]

Бала ата-анасының іс-әрекеттерін қайталайды, сондықтан ата-ана мәдениетті және тәрбиелі болып өзі үлгі көрсетуі керек.

Қорытынды

5-6 жас – баланың тұлғалық және танымдық дамуының ең маңызды кезеңі. Осы жастағы тәрбие оның болашақтағы табысты өмірінің негізін қалайды. Ата-аналар, тәрбиешілер және қосымша білім беру ұйымдары бірлесіп жұмыс істегенде ғана біз ең жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз. Қосымша білім беру ұйымдары балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, олардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік бере отырып, оның толыққанды дамуына жағдай жасауы қажет.

Бұл жас кезеңінде баланың физикалық, әлеуметтік, эмоциялық және интеллектуалдық дамуы қарқынды жүреді. Осы уақытта қалыптасқан дағдылар мен қабілеттер баланың болашақтағы өмірінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан, бала тәрбиесіне кешенді көзқарас қажет.

Физикалық даму тұрғысынан, бұл жастағы балалар үшін қозғалыс белсенділігі өте маңызды. Спорттық секциялар, қозғалмалы ойындар және түрлі физикалық жаттығулар баланың денсаулығын нығайтып, оның моторикасын дамытады. Осы арқылы бала өз денесін жақсы басқаруды үйреніп, физикалық тұрғыдан сенімді болады.

Танымдық даму тұрғысынан, балаларға әртүрлі ойындар мен тапсырмалар ұсыну арқылы олардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін және шығармашылығын дамытуға болады. Логикалық ойындар, жұмбақтар, құрастыру ойындары – бұлардың барлығы баланың интеллектуалдық дамуына оң әсер етеді.

Әлеуметтік және эмоциялық даму да осы жаста ерекше маңызды. Балалар достық қарым-қатынас орнатуды, ынтымақтастықты және эмпатияны үйренеді. Топтық ойындар, рөлдік ойындар және әлеуметтік жағдайларды модельдеу арқылы балалар қоғамда өмір сүру дағдыларын меңгереді.

Тілдік дамуға келетін болсақ, бұл жаста балалардың сөздік қоры қарқынды түрде кеңейеді. Кітап оқу, әңгімелесу, ертегілер айту – бұлардың барлығы баланың тілдік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жаста шет тілдерін үйренуге де қолайлы кезең. Қосымша білім беру ұйымдарының рөлі осы тұста ерекше маңызды. Олар балаларға өз қызығушылықтарын анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Музыка, сурет салу, би, театр өнері сияқты шығармашылық бағыттар баланың эстетикалық талғамын қалыптастырып, оның өзін-өзі көрсету қабілетін дамытады.

Ата-аналардың рөлі де аса маңызды. Олар баланың жетістіктерін мойындап, оны қолдап отыруы керек. Баламен сапалы уақыт өткізу, оның сұрақтарына жауап беру, бірге ойындар ойнау – мұның бәрі баланың дамуына оң әсер етеді.

Педагогтар мен тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі де баланың дамуында үлкен рөл атқарады. Олар әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның қабілеттерін дамытуға бағытталған жеке тәсіл қолдануы маңызды.

Қорытындылай келе, 5-6 жастағы бала тәрбиесі – бұл күрделі және жауапты процесс. Бұл процесте отбасы, білім беру мекемелері және қоғам бірлесіп жұмыс істеуі керек. Тек осындай кешенді көзқарас арқылы ғана біз баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ете аламыз, оның болашақта табысты және бақытты тұлға болуына жол аша аламыз. Әр бала – бірегей тұлға, және біздің міндетіміз – оның әлеуетін толық ашуға көмектесу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1994. - 112 б.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Эверо, 2014. - 468 б.
3. Меңжанова А.Н. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы: Рауан, 1992. - 184 б.
4. Сейдахметова А.С. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды ойын арқылы оқыту әдістемесі. - Шымкент: Әлем, 2016. - 112 б.
5. Тоқжанов М.А, Аманова Ғ.М. «Қосымша білім және тәрбие» республикалық әдістемелік журнал 2012ж

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ ИГРУ

**Бесимова Зауреш Кайыровна, Абишева Динара Таргыновна,
КГКП «Дворец школьников №2» г.Караганды
Карагандинской области, педагоги дополнительного образования**

Аннотация.

Игра — это неотъемлемая часть детства, которая не только приносит радость, но и служит мощным инструментом для развития и обучения. В современных образовательных системах все больше внимания уделяется игровым методам, поскольку они позволяют детям активно участвовать в процессе обучения, делая его увлекательным и эффективным. В этой статье рассмотрим, почему обучение через игру является таким эффективным методом и как его можно применять для достижения лучших образовательных результатов.

Аннотация.

Ойын – балалық шақтың ажырамас бөлігі, ол тек қуаныш сыйлап қана қоймайды, сонымен қатар даму мен оқудың қуатты құралы қызметін атқарады. Заманауи білім беру жүйелерінде ойынға негізделген әдістерге көбірек көңіл бөлінуде, өйткені олар балалардың оқу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді, оны қызықты және тиімді етеді. Бұл мақалада біз ойын арқылы оқытудың неге соншалықты тиімді әдіс екенін және оны білім берудегі жақсы нәтижелерге жету үшін қалай пайдалануға болатынын қарастырамыз.

Ключевые слова:

Игра – ойын, обучение через игру- ойын арқылы оқыту, развитие воображения- ой-өрісін дамыту, ролевые игры – рөлдік ойындар.

Почему игра важна для обучения?

Игра — это естественный способ познания мира для детей. С самого раннего возраста они через игру начинают исследовать окружающую среду, взаимодействовать с объектами и людьми, а также получать базовые знания и навыки. У детей игра является одним из ключевых способов саморазвития. Игра часто определяется как деятельность, совершаемая ради самой себя, характеризующая средствами, а не целями (процесс важнее любой конечной точки или цели), гибкостью (объекты помещаются в новые комбинации или роли разыгрываются новыми способами) и положительными эмоциями (дети часто улыбаются, смеются и говорят, что им это нравится). Эти критерии противопоставляют игру исследованию (целенаправленному исследованию, когда ребенок больше знакомится с новой игрушкой или средой, что затем может привести к игре), работе (которая имеет определенную цель) и играм (более организованным действиям, в которых есть некоторая цель, как правило, победа в игре). С точки зрения развития игры с правилами, как правило, распространены после 6 лет, тогда как игра очень распространена у детей в возрасте от 2 до 6 лет.

Обучение через игру дает потрясающие результаты в развитии детей. У каждого ребенка – свои возможности в образовательном - воспитательном процессе. К нам приходят дети с разными стартовыми условиями. Налаживание комфортного процесса обучения приводит к эффективным результатам. Подготовительная школа – это маленькая модель мира, где есть все присущие ему элементы. Наша задача – сделать эту модель максимально безопасной и эффективной, чтобы ребенок мог получить практический опыт коммуникации. Только деятельность, которую человек выбирает самостоятельно, позволяет максимально раскрыть его потенциал, развивает ответственность и воображение, мотивирует к получению знаний, формирует социальные навыки. Это в полной мере относится и к детям. Естественная форма деятельности дошкольника – игра. Рассмотрим основные причины, по которым игра играет важную роль в процессе обучения:

1. Развитие воображения и творческого мышления: Игра стимулирует фантазию и помогает детям развивать креативные способности, что является основой для многих будущих навыков.

2. Обучение взаимодействию с окружающими: Во время совместных игр дети учатся сотрудничать, решать конфликты и следовать правилам, что развивает их социальные навыки.

3. Приобретение новых навыков и знаний: Игры позволяют детям применять новые знания на практике, что способствует их более глубокому пониманию и закреплению.

4. Исследование различных ролей и ситуаций: В ролевых играх дети примеряют на себя разные роли, что помогает им лучше понимать мир взрослых и развивать эмпатию.

5. Решение проблем и принятие решений: В процессе игры дети сталкиваются с различными задачами, которые требуют от них принятия решений и разработки стратегии, что способствует развитию критического мышления.

Преимущества обучения через игру

Обучение через игру обладает рядом преимуществ по сравнению с традиционными методами, что делает его особенно эффективным в детском возрасте. Легкая и интересная форма. Игра имеет понятный и увлекательный формат проведения. Здесь нет строгой дисциплины, и участники обладают большой свободой действий. В нашем учебном центре дети хорошо могут отдохнуть, в дошкольном возрасте игра – основная форма деятельности. В процессе игр ребенка легче обучить основным понятиям.

1. Повышенная мотивация: Игровые элементы делают процесс обучения интересным и захватывающим, что увеличивает вовлеченность детей в образовательный процесс.

2. Активное участие: В играх дети не просто пассивные слушатели, а активные участники, что улучшает их понимание и запоминание изучаемого материала.

3. Снижение стресса: В игровой форме дети легче воспринимают новый материал, не испытывая сильного давления, связанного с традиционным обучением.

4. Развитие социальных навыков: Совместные игры способствуют развитию коммуникативных навыков, учат детей работе в команде, помогают справляться с эмоциями.

5. Практическое применение знаний: Игры дают возможность моментально применять полученные знания, что способствует лучшему усвоению материала и развитию самостоятельности.

Эффективные методы обучения через игру.

Учеба – это нудно и скучно, а игра – весело и интересно! Педагоги и специалисты по работе с дошкольниками давно поняли, что воспитывать детей традиционными методами не получается. Детям быстро становится скучно, они теряют фокус внимания, устают и ничего не запоминают.

Что здесь делать? Есть ответ на вопрос – вводить в обучение игровые образовательные методики или давать знания в игре! В статье рассказывается об основных приемах по их применению в образовательной деятельности.

Существует множество методов игрового обучения, которые можно адаптировать к возрасту и интересам ребенка. Вот некоторые из самых эффективных:

1. Ролевые игры: В ролевых играх дети погружаются в различные социальные ситуации, которые позволяют им развивать эмпатию, коммуникативные навыки и лучше понимать мир взрослых. Ролевые игры – это прекрасный способ научить ребенка взаимодействовать с окружающими, разрешать конфликты и действовать в команде.

2. Настольные игры: Настольные игры способствуют развитию логического мышления, памяти и навыков планирования. Они учат детей следовать правилам и развивают стратегическое мышление. Кроме того, настольные игры – это прекрасный способ проводить время всей семьей, укрепляя семейные связи.

3. Подвижные игры: Игры на свежем воздухе или активные игры в помещении способствуют физическому развитию детей. В то же время они помогают развивать координацию, реакцию и моторные навыки. Физическая активность – это неотъемлемая часть игрового обучения, так как она помогает детям лучше запоминать и усваивать

информацию через движение.

4. Конструкторы и головоломки: Конструкторы и пазлы развивают пространственное мышление, воображение и навыки решения проблем. Такие игры помогают детям учиться работать с формами, размерами и пространством, развивая когнитивные способности.

5. Образовательные видеоигры: Видеоигры с образовательными элементами могут быть полезны для обучения различным предметам. Правильно подобранные видеоигры



помогают детям развивать память, логическое мышление и координацию

Как внедрить игровое обучение

Чтобы игровое обучение было действительно эффективным, необходимо учитывать несколько факторов:

1. Адаптация к возрасту: Игры должны соответствовать возрасту ребенка и его уровню развития. Чем младше ребенок, тем проще должны быть правила игры, а материалы — ярче и интереснее.

2. Баланс между развлечением и обучением: Игровая деятельность должна приносить не только удовольствие, но и образовательную ценность. Игры должны сочетать в себе развлекательные и обучающие элементы, чтобы удерживать внимание ребенка и стимулировать его к получению знаний.

3. Разнообразие игр: Использование различных типов игр помогает развивать у ребенка разные навыки. Например, подвижные игры способствуют физическому развитию, а логические — когнитивному.

4. Участие взрослых: Родители и учителя могут играть активную роль в игровом обучении, направляя детей и помогая им извлекать максимум пользы из игры.

5. Регулярность: Игровое обучение должно быть регулярной частью образовательного процесса, чтобы дети постоянно сталкивались с игровыми элементами и видели в них неотъемлемую часть обучения.

Примеры эффективных обучающих игр

Вот несколько примеров обучающих игр, которые можно использовать для разных целей:

1. «Математическое домино»: Эта игра помогает детям учиться считать, складывать и вычитать в увлекательной форме.

2. «Словесная цепочка»: Игра развивает словарный запас и учит детей составлять новые слова, что способствует улучшению грамматических навыков.

3. «Географическое лото»: Позволяет детям знакомиться с основами географии, изучая страны, континенты и города.

4. «Научные эксперименты»: Дети могут изучать основы науки, проводя простые эксперименты, что помогает им лучше понять окружающий мир и научные концепции.

5. «Экологический квест»: Игра обучает детей экологической грамотности и учит заботиться об окружающей среде.

Игровое обучение в организациях дополнительного образования

Организации дополнительного образования могут сыграть значительную роль в реализации игровых методик. Вот несколько способов, как можно эффективно использовать игры в образовательном процессе:

1. Тематические игровые занятия: Организация занятий, полностью построенных на игровом процессе, позволит детям усваивать сложные темы в легкой и увлекательной форме.
2. Игровые зоны: Создание игровых пространств, оборудованных различными обучающими играми, стимулирует самостоятельное обучение.
3. Игровые марафоны: Длительные игровые мероприятия, охватывающие разные образовательные темы, помогают закрепить полученные знания.
4. Мастер-классы по созданию игр: Дети могут учиться создавать собственные игры, что развивает их креативные и аналитические способности.
5. Интеграция игр в стандартные занятия: Включение игровых элементов в традиционные уроки позволяет облегчить понимание сложных концепций.
6. Игровые соревнования: Организация турниров по образовательным играм стимулирует интерес к учебе и развивает здоровую конкуренцию.
7. Семейные игровые дни: Вовлечение родителей в образовательные игры помогает укрепить семейные связи и поддерживает обучение за пределами школы.

Заключение

Обучение через игру — это эффективный метод, который позволяет детям не только получать новые знания, но и наслаждаться процессом обучения. Внедрение игр в образовательный процесс помогает детям легче усваивать информацию, развивает их креативные способности и делает обучение менее стрессовым. Игровое обучение можно успешно применять как в домашних условиях, так и в организациях дополнительного образования, создавая более эффективную образовательную среду для детей.

Каждый ребенок уникален, и игровой подход к обучению должен учитывать индивидуальные особенности. Важно пробовать различные игровые методики, чтобы найти те, которые подходят лучше всего для каждого конкретного ребенка. Организации дополнительного образования имеют прекрасную возможность внедрять игровые методики в образовательный процесс, дополняя традиционные методы обучения и делая образование более увлекательным и продуктивным для детей.

Дети быстро выполняют различные математические операции, умеют логически мыслить и выполнять творческие задания. Также им легко дается обучение в школе. Дети обладают прекрасной памятью и могут долго концентрировать внимание на выполнение поставленных задач, всегда доводят дело до логического конца и обладают высоким уровнем развития памяти, мышления, внимания. Все задания ребята выполняют с интересом и большим желанием.

Использованная литература

1. Генденштейн Л.Э., Мадышева Е.Л. «Геометрические игры для детей 5-6 лет», серия «Энциклопедия развивающих игр» - М.:Илекса, 2004.-170 с.
2. «Развивающие игры» сост. Н. Ехевич, консультант Б.П Никитин – М.: Физкультура и спорт, 1990
3. Бондаренко Т.М. «Развивающие игры. Конспекты занятий по развивающим играм Воскабовича». Практическое пособие для воспитателей и методистов ДООУ. – Воронеж: ИП Лакоценина Н.А., 2012.-190с

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БАЛАЛАРҒА ЕРТЕ ЖАСТАН ДАРЫТУ

Бекетбаева Венера Рахметоллаевна, Сағат Айбану Сағатқызы
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласының «№2 Оқушылар сарайы»
КМҚК, қосымша білім беру педагогтері

Аңдатпа. Қазақтың ұлттық құндылықтарын балаларға ерте жастан дарыту - ұлттық бірегейлікті сақтаудың және дамытудың маңызды шарты. Мақалада отбасы, білім беру мекемелері және қоғамның бұл процестегі рөлі қарастырылады. Ұлттық құндылықтарды дамытудың негізгі бағыттары - отбасылық құндылықтар, ана тілі және салт-дәстүрлер екендігі көрсетіледі. Сонымен қатар, қосымша білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дамытудың тиімді әдістері ұсынылады. Мақалада ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытудың қазіргі заман талаптарымен үйлесімді болу қажеттілігі атап өтіледі.

Аннотация. Привитие казахских национальных ценностей детям с раннего возраста является важным условием сохранения и развития национальной идентичности. В статье рассматривается роль семьи, образовательных учреждений и общества в этом процессе.

Показано, что основными направлениями развития национальных ценностей являются семейные ценности, родной язык и традиции. Кроме того, предлагаются эффективные методы развития национальных ценностей в организациях дополнительного образования.

В статье подчеркивается необходимость гармоничного сочетания сохранения и развития национальных ценностей с требованиями современности.

Кілт сөздер: ұлттық құндылықтар, отбасылық тәрбие, ана тілі, салт-дәстүр, қосымша білім беру, ұлттық бірегейлік, патриоттық тәрбие, мәдени мұра, ұрпақ сабақтастығы, рухани жаңғыру.

Ключевые слова: национальные ценности, семейное воспитание, родной язык, обычай, дополнительное образование, национальная идентичность, патриотическое воспитание, культурное наследие, родство потомков, духовное пробуждение.

Бала жүрегіне ұялатар ұлттық құндылықтар

Қазақстан – ежелден келе жатқан бай тарихы мен мәдениеті бар ел. Біздің ұлттық құндылықтарымыз – ата-бабаларымыздан мұра болып қалған асыл қазына. Осы құндылықтарды жас ұрпаққа дарыту – әрбір ата-ананың, тәрбиешінің және қоғамның міндеті. Бүгінгі мақалада біз қазақтың ұлттық құндылықтарын балаларға ерте жастан қалай дамытуға болатыны жайлы кеңінен сөз қозғаймыз.

Отбасылық құндылықтар – тәрбиенің бастауы

Қазақ халқының дүниетанымында отбасы – қоғамның іргетасы, ал отбасылық құндылықтар – баланың жеке тұлға болып қалыптасуының алтын дінгегі. Бұл құндылықтар ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Отбасы – баланың алғашқы және ең маңызды мектебі, онда ол өмірдің негізгі сабақтарын алады. Мұнда бала алғаш рет махаббат пен қамқорлықты сезінеді, адамгершілік қағидаларын үйренеді, өзін қоршаған әлемді тануды бастайды. Осы ортада қалыптасқан құндылықтар мен көзқарастар баланың болашақ өмірінің іргетасын қалайды.

Ұрпақтар сабақтастығы мен туыстық қатынастар – қазақ отбасының ерекше белгісі. Әжелер мен аталардың даналығын құрметтеу, жеті атасын білу, туыстармен тығыз қарым-қатынас жасау – осының бәрі балаға өз тамырларын түсінуге, өзінің ұлттық бірегейлігін сезінуге көмектеседі. Отбасылық дәстүрлер, мәселен, бірге ас ішу немесе демалыс күндерін бірге өткізу – отбасы мүшелерінің арасындағы байланысты нығайтады. Мұндай дәстүрлер арқылы балалар отбасының бірлігін, бір-біріне деген қамқорлықты үйренеді. Бұл тәжірибе олардың болашақта өз отбасын құруға дайындайды.

Еңбек тәрбиесі – қазақ отбасындағы тәрбиенің маңызды бөлігі. Балаларды үй шаруасына араластыру, кішкентайынан еңбекке баулу оларды жауапкершілікке, тәртіпке үйретеді. Бұл процесте бала тек практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен

қатар еңбектің құндылығын, оның адам өміріндегі маңыздылығын түсінеді. Құрмет пен сыйластық – отбасылық қатынастардың негізі. Үлкенге ізет, кішіге қамқорлық көрсету – бұл қасиеттер баланың болашақта қоғамда өз орнын табуына, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауына көмектеседі. Осылайша, отбасы – ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларын келесі ұрпаққа жеткізудің басты арнасы болып табылады [1].

Тіл – ұлт болмысының айнасы

Тіл – халықтың жан дүниесінің айнасы, оның рухани әлемінің көрінісі. Қазақ тілі – ғасырлар бойы қалыптасқан, өзінің бай сөздік қоры мен терең мағыналы құрылымымен ерекшеленетін көне тіл. Бұл тіл – біздің ата-бабаларымыздың даналығын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын бойына сіңірген асыл мұра. Қазіргі жаһандану дәуірінде қазақ тілін сақтау және дамыту – әр қазақстандықтың абыройлы борышы. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру, оның қолданыс аясын кеңейту – бүгінгі күннің басты талабы. Өйткені, тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық бірегейліктің, мәдениеттің, дәстүрдің сақтаушысы. Сондықтан да, қазақ тілін терең меңгеру – ұлттық сана-сезімді нығайтудың, өз тарихымыз бен мәдениетімізді түсінудің кілті [2].

Қазақ тілін жетік меңгерудің ең тиімді жолы – оны күнделікті өмірде белсенді қолдану. Отбасында қазақша сөйлесу, балаларға ана тілінде ертегілер оқу, ұлы ақындардың өлеңдерін жаттау – осының бәрі жас ұрпақтың тілді терең игеруіне зор ықпал етеді. Қазақтың мақал-мәтелдері, жұмбақтары, жаңылтпаштары – тілдің байлығын, оның бейнелілігін түсінуге көмектесетін таусылмас қазына. Бұл фольклорлық элементтер тек тілді үйретіп қана қоймай, ұлттық дүниетанымды қалыптастыруға да септігін тигізеді. Мысалы, «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген мақал арқылы біз тілдің күшін, сөздің құдіретін түсінеміз. Ал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал отбасылық тәрбиенің маңыздылығын көрсетеді. Осылайша, тіл арқылы біз ұлттық құндылықтарды, өмірлік ұстанымдарды бойымызға сіңіреміз.

Қазіргі заманғы технологиялар тіл үйренуде жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазақ тіліндегі теледидар бағдарламалары, мультфильмдер, аудиокітаптар – бұлар тілді игерудің заманауи әрі тиімді құралдары. Интернеттегі қазақтілді ресурстар, әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі контент жастардың тілге деген қызығушылығын арттырып, оны күнделікті өмірде қолдануға ынталандырады. Тілдік лагерьлерге қатысу, қазақ тілінде еркін сөйлейтін құрдастарымен араласу – тілді тәжірибеде қолдануға, оны «тірі» күйінде үйренуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер арқылы жастар тек грамматикалық ережелерді ғана емес, тілдің нәзік қырларын, оның әуезділігін, ырғағын да сезіне алады. Осындай кешенді тәсілдерді қолдана отырып, біз қазақ тілін сақтап қана қоймай, оны заман талабына сай дамытып, жаңа биіктерге көтере аламыз. Сөйтіп, ана тіліміз – қазақ тілі келер ұрпаққа мәңгілік мұра болып қала береді.

Салт-дәстүр – ұлттық болмыстың көрінісі

Салт-дәстүр – ұлттың рухани қазынасы, оның тарихи жадының көрінісі. Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл дәстүрлер – ұлттық болмысымыздың айнасы, біздің бірегейлігіміздің негізі. Наурыз мейрамы, Құрбан айт секілді ұлттық мерекелерді отбасымен бірге атап өту – дәстүрлерімізді сақтаудың, оларды келесі буынға жеткізудің ең табиғи жолы. Мұндай мерекелер арқылы біз өзіміздің тарихымызбен, мәдениетімізбен байланысымызды нығайтамыз.

Ұлттық ойындарымыз – салт-дәстүріміздің маңызды бөлігі. Асық ату, тоғызқұмалақ, қыз қуу сияқты ойындар – тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар балаларға ұлттық мәдениетті ойын арқылы таныстырудың тамаша мүмкіндігі. Бұл ойындар арқылы балалар ептілікті, стратегиялық ойлауды үйренеді, сонымен қатар ұлттық дәстүрлерді бойына сіңіреді. Ал қолөнер – ұлттық мәдениетіміздің тағы бір маңызды аспектісі. Киіз басу, ою-өрнек салу, зергерлік өнер – бұлар балалардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, оларға ұлттық өнеріміздің терең мағынасын ұғынуға көмектеседі [3].

Ұлттық тағамдарымыз бен киімдеріміз де – ұлттық болмысымыздың айқын көрінісі. Бауырсақ, қымыз, құрт сияқты дәстүрлі тағамдарды дайындауға балаларды қатыстыру – оларға ұлттық асханамыздың ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде үйретудің тамаша жолы.

Ұлттық киімдер мен әшекейлердің мәнін түсіндіру арқылы біз ұлттық символдардың маңыздылығын насихаттаймыз. Домбыра тарту, қазақ биін үйрену – ұлттық өнеріміздің сұлулығын сезінуге жол ашады. Отбасылық шежіре құрастыру – балалардың өз тегіне, тарихына деген қызығушылығын арттырып, ұлттық бірегейлігін нығайтады. Осылайша, ұлттық құндылықтарымызды, тілімізді және салт-дәстүрлерімізді балаларға сіңіру арқылы біз олардың бойында шынайы патриоттық сезімді оятамыз.

Қосымша білім беру ұйымында ұлттық құндылықтарды дамыту

Қосымша білім беру ұйымдары – балалардың жан-жақты дамуына, соның ішінде ұлттық құндылықтарды терең игеруіне мүмкіндік беретін бірегей алаң. Бұл ұйымдардың ерекшелігі – олар балаларға дәстүрлі мектеп бағдарламасынан тыс білім алуға, өз қызығушылықтарын дамытуға жағдай жасайды. Ұлттық құндылықтарды дамыту үшін мұндай ұйымдарда бірқатар тиімді әдістер қолдануға болады. Ең алдымен, қазақ өнері мен мәдениеті бойынша арнайы үйірмелер ұйымдастыру – бұл бағыттағы маңызды қадам. Мәселен, домбыра үйірмесі, қолөнер студиясы, ұлттық би ансамблі сияқты секциялар балаларға ұлттық өнерді тәжірибе жүзінде игеруге, оның сұлулығы мен терең мағынасын түсінуге мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарды дамытудың тағы бір тиімді әдісі – интерактивті оқыту формаларын қолдану. Қазақ тарихы мен мәдениеті туралы викториналар мен конкурстар өткізу арқылы балалардың білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың қызығушылығын да арттыруға болады. Мысалы, «Менің елім – Қазақстан» атты білім сайысы оқушылардың отансүйгіштік сезімін оятып, ұлттық мәдениетке деген құштарлығын күшейтеді. Ұлттық мерекелерге арналған іс-шаралар да өте маңызды. Наурыз мейрамындағы «Алтыбақан» сайысы сияқты дәстүрлі ойындар балаларды ұлттық салт-дәстүрлерге жақындатып, олардың мәнін тереңірек түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, Қазақстанның түрлі өңірлерінің мәдени ерекшеліктерімен таныстыратын жобалар да құнды. «Қазақстан аймақтары» жобасы арқылы балалар еліміздің әр өңірінің бірегей мәдениеті мен тарихын зерттеп, ұлтымыздың көп қырлы болмысын ұғына алады.

Қосымша білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дамытудың тағы бір маңызды аспектісі – балаларды ұлттық мәдениеттің тірі өкілдерімен таныстыру. Ұлттық қолөнер шеберлерімен, ақын-жазушылармен, өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру балаларға ұлттық мәдениет өкілдерімен тікелей байланысуға, олардың тәжірибесінен үйренуге мүмкіндік береді. Бұл кездесулер балаларға ұлттық мұраның қазіргі заманда да өзектілігін түсінуге көмектеседі. Қазақ тілінде шығармашылық байқаулар өткізу де өте маңызды. Мәселен, «Ана тілім – айбыным» атты өлең оқу сайысы балалардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың тілдік дағдыларын жетілдіреді. Мұндай байқаулар арқылы балалар қазақ тілінің байлығын, оның көркемдік құдіретін сезіне алады. Осындай әртүрлі іс-шаралар арқылы қосымша білім беру ұйымдары балалардың ұлттық құндылықтарды терең түсініп, оларды күнделікті өмірде қолдануына, сөйтіп, шынайы патриот болып өсуіне үлкен үлес қоса алады.

Қорытынды

Қазақтың ұлттық құндылықтарын балаларға ерте жастан дамыту – ұзақ және жауапты процесс. Бұл тек отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Балабақшадан бастап, мектеп, қосымша білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары – барлығы осы істе бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуі қажет. Ұлттық құндылықтарды дамыту – бұл тек дәстүрлерді сақтау ғана емес, сонымен қатар оларды қазіргі заманға сай етіп бейімдеу де. Біз балаларымызға ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығын түсіндіре отырып, оларды жаһандық азамат болуға да дайындауымыз керек. Тек осылай ғана біз ұлттық құндылықтарымызды сақтап, келер ұрпаққа аманат ете аламыз. Ұлттық құндылықтарын білетін, құрметтейтін және дамытатын ұрпақ қана еліміздің жарқын болашағының кепілі бола алады. Бұл – ұлт ретінде сақталып қалуымыздың, әлемдік аренада өз орнымызды табуымыздың кілті. Ұлттық тілді, салт-дәстүрді, өнерді білу және құрметтеу – бұл ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізі. Алайда, бұл білім мен құрмет қазіргі заманғы технологиялар мен инновацияларды игерумен қатар жүруі қажет. Осылайша ғана біз бәсекеге қабілетті, бірақ өз тамырларын ұмытпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз [4].

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жас ұрпаққа сіңіру – ұзақ мерзімді әрі жауапкершілігі зор міндет. Бұл тек жеке отбасылардың ғана емес, бүкіл қоғамның алдында тұрған маңызды мақсат. Балабақшадан бастап, мектеп, қосымша білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары – бәрі де осы ұлы істе бір мақсатқа жұмылып, үйлесімді әрекет етуі қажет. Ұлттық құндылықтарды дамыту дегеніміз – тек ескі дәстүрлерді сақтап қалу ғана емес, сонымен қатар оларды қазіргі заманның талаптарына сай етіп қайта түлету. Бұл – өткен мен болашақтың арасындағы алтын көпір іспетті. Біз балаларымызға ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығын ұғындыра отырып, оларды әлемдік азамат болуға да дайындауымыз керек. Осылайша, біз ұлттық болмысын жоғалтпаған, бірақ сонымен бірге жаһандық үдерістерге бейім ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту – бұл ұлт ретінде өмір сүруіміздің, әлемдік аренада өз орнымызды табуымыздың кепілі. Ана тілімізді құрметтеу, салт-дәстүрімізді ұстану, ұлттық өнерімізді дәріптеу – осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді сақтаудың түп қазығы. Алайда, бұл құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ қазіргі заманғы технологиялар мен инновацияларды да еркін меңгеруі тиіс. Тек осылай ғана біз бәсекеге қабілетті, бірақ өз тамырларын ұмытпаған, рухани жағынан бай ұрпақ қалыптастыра аламыз. Бұл ұрпақ – қазақ елінің жарқын болашағының кепілі, ұлттық мұраны сақтаушы әрі дамытушы. Олар ғана ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарымызды келер ұрпаққа аманат ете алады [5].

Қорыта айтқанда, ұлттық құндылықтарды дамыту – бұл үздіксіз және көп қырлы процесс. Ол үнемі жаңарып, заман талабына сай бейімделіп отыруы керек. Бұл – отбасы мен білім беру мекемелерінің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір қазақстандық азамат осы істе өз үлесін қосуы маңызды. Біз ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, оларды жаңа заманға сай етіп дамытуымыз керек. Бұл – біздің ұлттық кодымызды сақтап қалудың, әлемдік өркениетке өз үлесімізді қосудың бірден-бір жолы. Тек осылай ғана біз өзіндік болмысымызды жоғалтпай, әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі бола аламыз. Ұлттық құндылықтарымызды білетін, құрметтейтін және дамытатын ұрпақ қана еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, оны жаңа биіктерге жеткізе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы // Егемен Қазақстан. - 2017. - 12 сәуір.
2. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. - Алматы: РПИК, 2003. - 280 б.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995. - 352 б.
4. Ұзақбаева С. Балаларға ұлттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2010. - 304 б.
5. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. - Алматы: Дарын, 2004. - 312 б.

ЕРТЕГІ ТЫҢДАУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ МАЗМҰНЫН АЙТУҒА ЖӘНЕ СУРЕТКЕ ҚАРАП ӘНГІМЕЛЕУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРУ

Каюпова Кымбат Наурзбаевна, Дюсембекова Асем Елеуовна
Қарағанды облысы Қарағанды қаласы «№2 Оқушылар сарайы» КМҚК,
қосымша білім беру педагогтері

Аңдатпа. Бұл мақалада ертегі тыңдау арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымындарында оқыған балаларды шығарма мазмұнын әңгімелеуге және таныс ертегіні суреттерге қарап айтып беруге дағдыландырудың маңыздылығы қарастырылады. Ертегілер арқылы балалардың тілдік дағдыларын, ойлау қабілетін және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту жолдары ұсынылады. Мақалада ертегілерді тыңдау және суреттер бойынша әңгімелеу әдістері көрсетіліп, балалардың сөйлеу мәдениетін дамытуда ертегінің ықпалы талқыланады.

Тірек сөздер: ертегі тыңдау, мектеп алды топ, шығармашылық ойлау, әңгімелеу дағдылары, сурет арқылы баяндау, тіл дамыту, сөйлеу қабілеті.

Аннотация. В данной статье рассматривается важность привития детям, обучающимся в дошкольных образовательных учреждениях путем прослушивания сказки, умения рассказывать содержание произведения и рассказывать знакомую сказку, глядя на картинки. Через сказки предлагаются пути развития языковых навыков, мышления и творческих возможностей детей. В статье демонстрируются приемы слушания сказок и рассказывания по картинкам, обсуждается влияние сказки на развитие речевой культуры детей.

Ключевые слова: прослушивание сказки, предшкольная группа, творческое мышление, навыки рассказывания историй, повествование через рисунок, развитие языка, речевые способности.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымындарында оқыған балалардың тілін дамыту мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде ертегілердің рөлі ерекше. Ертегілер балалардың ой-өрісін кеңейтумен қатар, олардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Балалар ертегі тыңдау барысында жаңа сөздерді меңгеріп, сөйлем құрау дағдыларын дамытады. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бақылау арқылы балалар оқиғаның ретін түсініп, оны өз сөзімен жеткізе бастайды. Бұл, бір жағынан, олардың тіл байлығын арттырады, екінші жағынан, логикалық ойлауға көмектеседі.

Ертегі тыңдау тек қана тілдік дағдыларды емес, сонымен қатар балалардың қиялын да жетілдіреді. Ертегі әлемі шынайы өмірден алшақ болғанымен, балаларға шындықты түсінуге және оны қиял арқылы қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл шығармашылық ойлауға баулудың бір тиімді тәсілі. Ойдан шығарылған оқиғалар мен кейіпкерлер арқылы бала өзін еркін сезінеді, сол арқылы ойлау қабілетін жетілдіреді. Ертегілердің бай мазмұны, түрлі-түсті сипаттамалары және кейіпкерлердің саналуандығы балаларға қиял әлеміне саяхат жасауға жол ашады. Бұл процестер олардың тұлғалық дамуына да ықпал етеді.

Ертегі тыңдау – мектепке білім беру ұйымындарында оқыған балалар үшін ерекше қызықты әрі маңызды процесс. Балалар ертегі кейіпкерлерімен танысу арқылы шығарманың мазмұнын түсініп, оны есте сақтайды. Кейіпкерлердің есімдері мен олардың сипаттамалары баланың жадында қалуы үшін ертегіні тыңдағаннан кейін, оларға кейіпкерлер туралы сұрақтар қою арқылы әңгімелесу тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс балаларды ертегі мазмұнын тереңірек түсінуге, әрі оны есте сақтауға үйретеді. Әсіресе, балалардың әңгімелеу қабілеттерін дамыту үшін кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау маңызды. Мысалы, әрбір кейіпкердің мінез-құлқы, оның оқиғадағы рөлі мен шешімдері баланың түсінігінде қалыптасуы тиіс.

Ертегі тыңдау барысында балалардың қызығушылығын арттыру үшін мұғалімнің әдіс-тәсілдері шешуші рөл атқарады. Ертегіні мәнерлеп оқу, әрбір кейіпкердің дауысын әртүрлі дыбыспен беру және эмоцияны жеткізу арқылы балалардың назарын аударуға болады. Бұл тәсілдер арқылы балалар ертегіні тек тыңдап қана қоймай, оның мазмұнын

тереңірек түсінеді. Сондай-ақ ертегіден кейінгі балалармен кері байланыс олардың ертегіге деген қызығушылығын күшейтеді. Балалардан ертегі туралы өз ойларын сұрау, олардың не түсінгенін білу арқылы шығарманың мазмұнын тағы бір рет бекітуге болады. Мысалы, әр бала өзіне ұнаған кейіпкер туралы немесе ертегіде болған оқиға туралы әңгімелеп береді. Осы арқылы олар өз ойын жеткізу дағдыларын дамытады.

Ертегінің мазмұнын талқылау барысында оқиға желісін анықтап, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау балалардың логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Мұғалім ертегіні оқып болған соң, оқиға желісін ретімен түсіндіріп беру үшін балалардан сұрақтар қояды. Мысалы, «Кейіпкерлер не істеді?», «Олар неліктен осылай әрекет етті?» деген сұрақтар балаларды ертегіні талдап, оның мәнін түсінуге жетелейді. Әр оқиға желісінің ретін анықтау арқылы бала оқиғаның қисынын түсініп, өзіне қажет мәліметтерді қорытындылайды. Бұл әдіс балалардың есте сақтау қабілетін ғана емес, сонымен бірге оқиғаны реттілікпен әңгімелеу қабілетін де дамытады [1].

Ертегі тыңдаған кезде балаларға оның эмоционалдық мазмұнын жеткізу өте маңызды. Ертегідегі кейіпкерлердің сезімдерін түсіндіру, олардың әрекеттерінің себебін анықтау арқылы балалар оқиғаны тереңірек түсінеді. Мысалы, кейіпкердің қуану, қорқу немесе таңдану сәттері балаларға әсер етеді. Сол арқылы балалар эмоцияны қабылдап, кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекеттерін түсінуге тырысады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымындарында оқыған балалардың қиялы мен сөйлеу дағдыларын дамытуда таныс ертегілерді суреттерге қарап баяндау маңызды орын алады.

Сурет – балаға көрнекі түрде ақпаратты жеткізу құралы. Балалар көргенін тез қабылдап, оны өз ойымен байланыстыруға бейім келеді. Суреттерді пайдалана отырып, бала ертегінің оқиғаларын жақсы түсініп, мазмұнын өз сөзімен әңгімелей алады. Бұл техника балаларға әңгімені жүйелі түрде жеткізуге, оқиғалардың ретін сақтауға көмектеседі.

Сурет арқылы оқиғаны түсіндіру әдісі баланың визуалды қабылдауын жетілдіреді және шығарманың негізгі элементтерін түсінуге жағдай жасайды. Ертегі тыңдап қана қоймай, оны суретке қарап баяндау балаға оқиға желісін көрнекі түрде елестетуге мүмкіндік береді. Әрбір сурет шығарманың белгілі бір сәтін көрсетеді, ал бала сол көрініске қарап оқиғаны өз сөзімен жеткізеді. Мысалы, белгілі бір кейіпкердің әрекетін сипаттау кезінде бала суретке қарап, оқиғаны неғұрлым тереңірек түсініп, оның дамуына назар аударады. Бұл әдіс балалардың әңгімелеу шеберлігін ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау қабілетін де дамытады [2].

Ертегіні суреттер арқылы баяндау – балалардың шығарманың құрылымын түсінуіне септігін тигізетін тиімді әдіс. Суреттер әрбір оқиғаның басты сәттерін көрсетуге көмектеседі, бұл балаларға ертегінің ретін сақтау арқылы оны өз сөздерімен айтып беруіне мүмкіндік береді. Оқиғадағы кейіпкерлердің қандай іс-әрекеттер жасағанын, не себепті солай болғанын талқылау арқылы балалар шығарманың логикасын түсініп, оқиғаның басы, ортасы және соңы деген бөліктерін ажыратуды үйренеді. Мұғалім осы әдіс арқылы балалардың қателіктерін түзеп, дұрыс баяндау тәсілдерін меңгеруге көмектеседі.

Сюжет желісін суреттерге қарап әңгімелеу – балалардың есте сақтау қабілетін және сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған құрал. Сюжет желісі суреттерде көрініс тапқан кезде, балалар әрбір кезеңді суреттер арқылы оңай есте сақтай алады. Мысалы, ертегідегі басты оқиғаларды ретімен суреттерге қарап айтып беру арқылы балалар оқиғаны тереңірек түсініп, оны есте сақтауға бейімделеді. Сонымен қатар, мұндай әдіс балаларға өз ойларын еркін жеткізуге, шығарманың басты идеясын түсіндіруге және кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалауға мүмкіндік береді [3].

Сурет арқылы әңгімелеу балаларға шығарманың мәнін тереңірек түсінуге көмектесіп қана қоймай, олардың сөйлеу мәдениетін, қиялын және тіл байлығын дамытады. Әңгімелеу барысында бала шығарманың ішкі мәніне үңіліп, оқиғаларды логикалық ретімен баяндауға дағдыланады. Осы әдіс арқылы бала оқиғаларды көз алдына елестетіп, оларды әңгімелеу барысында ертегінің негізгі идеясын өз сөзімен жеткізуге тырысады.

Ертегілер балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуда ерекше рөл атқарады. Ертегі тыңдау және оны қайталап айту арқылы балалардың сөздік қоры байып, ойлау қабілеттері

жетіледі. Әрбір ертегінің мазмұны, кейіпкерлері және олардың іс-әрекеттері балалардың тіл байлығын арттыруға септігін тигізеді. Мәселен, балалар ертегі тыңдаған кезде жаңа сөздерді үйреніп қана қоймай, сол сөздерді дұрыс қолдануды да меңгереді. Әрбір ертегінің көркем тілі, теңеулер мен сипаттамалары балалардың сөздік қорын молайтып, оларды тілдің байлығы мен әсемдігін түсінуге жетелейді.

Сонымен қатар, ертегілер балалардың әңгімелеу қабілеттерін дамытуда маңызды құрал болып табылады. Балалар ертегіні тыңдағаннан кейін оны өз сөзімен айтып беруге талпынады, бұл олардың диалогтар мен монологтарды дұрыс құрастыруға дағдыландырады. Әңгімелеу барысында бала әр кейіпкердің рөлін сезініп, олардың әрекеттерін логикалық түрде баяндауға тырысады. Мысалы, ертегі кейіпкерлерінің диалогтарын қайталап айту, олардың сөздерін мәнерлеп жеткізу арқылы бала кейіпкерлердің мінез-құлқын, олардың сөйлеу мәнерін түсінеді. Бұл балалардың коммуникативтік қабілеттерін арттырып, дұрыс сөйлеуге, ойларын еркін жеткізуге көмектеседі.

Ертегілер арқылы балаларға шығармашылық еркіндік беру – олардың қиялын дамытуға үлкен мүмкіндік. Балалар ертегіні тыңдап, оның мазмұнын өздері түсінгендей етіп баяндағанда, олардың шығармашылық әлеуеті арта түседі. Мұндай жағдайда балалар ертегіні тек тыңдап қана қоймай, оны өз тілімен айтып беруге тырысады. Әр бала ертегіні өз қиялына сәйкес өзгертіп, оқиғаның барысын немесе кейіпкерлердің іс-әрекеттерін жаңаша түсіндіреді. Бұл әдіс балаларға еркіндік беріп, олардың шығармашылық ойлауын ынталандырады. Сонымен қатар, мұндай тәсіл арқылы балалар ертегіге өз көзқарасын білдіре алады, бұл олардың өзіндік пікірін қалыптастырады.

Ертегілер балалардың сөйлеу дағдыларын дамытумен қатар, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға да жағдай жасайды. Әңгімелеу, диалог құру, өз ойларын жеткізу барысында балалар тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, өз ойын еркін әрі жүйелі түрде жеткізуге үйренеді. Ертегіні өз тілімен айтып беру, оны түрлендіріп әңгімелеу балалардың қиялын дамытып, олардың тілдік қорын байытады. Ертегілерді оқу және әңгімелеу арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, өз ойын еркін жеткізуді, шешендік өнердің алғашқы қадамдарын меңгереді [4].

Ертегі тыңдау мен суреттерге қарап баяндау мектеп дейінгі білім беру ұйымындарында оқыған балалардың тіл және сөйлеу қабілеттерін дамытуда айтарлықтай әсер етеді. Бұл әдістер балалардың сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдыларын жетілдірумен қатар, олардың қиялы мен шығармашылық ойлауын дамытады. Ертегілердің мазмұнын тыңдап, сурет арқылы түсіну барысында бала тек оқиға желісін меңгеріп қана қоймай, оны өз сөзімен әңгімелеуді де үйренеді. Мұндай тәжірибе балаларға өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге, оқиғаларды логикалық ретпен баяндауға, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға және жаңа сөздерді қолдануға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің рөлі бұл процесте өте маңызды. Ол ертегілерді балаларға дұрыс жеткізу арқылы олардың шығармашылық дамуын қолдап, ойлау қабілеттерін ынталандырады. Ертегіні мәнерлеп оқу, кейіпкерлердің дауысын әртүрлі дыбыстау, эмоцияны жеткізу балалардың ертегіге деген қызығушылығын арттырады және оқиғаны тереңірек түсінуге көмектеседі. Мұғалім балаларға сұрақтар қою, пікірталас ұйымдастыру арқылы ертегінің мазмұнын талдап, оны балалардың санасына бекітуге көмектеседі. Әрбір баланың ертегіні өзінше түсініп, оны өз ойымен жеткізуіне қолдау көрсету олардың өзіндік пікір қалыптастыруына және сөйлеу мәдениетін жетілдіруге ықпал етеді [5].

Ертегілерді күнделікті оқу процесіне енгізу балаларға көптеген пайда әкеледі. Біріншіден, ертегі тыңдау мен әңгімелеу балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Балалар күн сайын жаңа ертегі тыңдап, оны өз тілімен баяндауға талпынған сайын олардың тілдік дағдылары, ойлау қабілеттері мен қиялы үздіксіз дамиды. Екіншіден, ертегілер балаларға қоғамда өз ойын еркін жеткізуге, өз көзқарасын білдіруге көмектеседі. Мұндай тәжірибе балаларды болашақта әлеуметтік қарым-қатынастарда, мектепте және өмірде өзін сенімді сезінуге үйретеді.

Сонымен қатар, ертегілерді күнделікті оқу процесіне енгізу балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң әсерін тигізеді. Балалар ертегі тыңдап қана қоймай, оны өздігінен әңгімелеп, кейіпкерлердің әрекеттерін түсіндіру арқылы шығармашылық ойлауға үйренеді. Олардың қиялы шарықтап, оқиғаларды өздерінше

өзгертіп, жаңа идеялармен бөліседі. Бұл балалардың ойлау қабілеттерінің еркіндігін дамытып, олардың өмірлік дағдыларының қалыптасуына жағдай жасайды.

Қорытындылай келе, ертегі тыңдау мен суреттерге қарап баяндау әдістерін мектеп алды білім беру жүйесіне енгізу балалардың тіл және сөйлеу қабілеттерін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Мұғалімдер ертегі арқылы балалардың шығармашылық дамуын қолдап, олардың ой-өрісін кеңейтуге ықпал ете алады. Ертегілерді күнделікті оқу процесінде пайдалану балалардың тілдік және сөйлеу дағдыларын дамытумен қатар, олардың жалпы шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына үлкен үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Сарқытбаев, Ә. Мектеп алды білім беру жүйесінде балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту / Ә. Сарқытбаев. – Алматы: Білім баспасы, 2017. – 180 б.
2. Қасымбекова, А. Ертегі арқылы балалардың тілдік дағдыларын қалыптастыру әдістемесі / А. Қасымбекова. – Астана: Фолиант, 2018. – 200 б.
3. Омарова, З. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары / З. Омарова. – Шымкент: Астана баспасы, 2019. – 220 б.
4. Әлменова, М. Балалардың ертегі тыңдау дағдыларын жетілдіру әдістері / М. Әлменова. – Қарағанды: Болашақ баспасы, 2020. – 160 б.
5. Әлімқұлова, С. Көркем әдебиет арқылы мектеп алды білім беру жүйесінде балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту / С. Әлімқұлова. – Ақтөбе: Жазушы, 2021. – 140 б.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ

Алькеева О.Р., Мұқыжан Г.Б.

**Қарағанды облысы Қарағанды қаласының «№2 оқушылар сарайы»
КММ, қосымша білім беру педагогтері**

Қосымша білім беру - бұл баланың жеке басының қабілеттерін ерте анықтауға және жан-жақты дамытуға ықпал ететін, олардың көрінуіне және одан әрі жетілдіруге көмектесетін үйірмелердің жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі қосымша білім беру мектеп жасына дейінгі баланың танымдық белсенділігін дамыту жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде баланың физикалық, адамгершілік, интеллектуалдық және жеке дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызуы керек. Қосымша мектепке дейінгі білім беру мекемелері баланың ерте даму орталықтары болып табылады.

Дополнительное образование осуществляется посредством работы кружков, что способствует раннему выявлению и всестороннему развитию способностей личности ребенка, помогает их проявиться и в дальнейшем совершенствоваться.

Дополнительное дошкольное образование как неотъемлемая часть системы развития познавательной деятельности ребенка дошкольного возраста должно создавать возможность обеспечить физическое, нравственное, интеллектуальное и личностное развитие ребенка. Дополнительные дошкольные образовательные учреждения являются центрами раннего развития детей.

Ерте дамыту, әдіс – тәсілдер, дамытушы ойындар.

Раннее развитие, методы – приемы, развивающие игры.

Бүгінгі таңда қосымша білім беру мекемелері түрлі білім беру қызметтерін көрсетеді. Мұндай қызметтерді таңдау, ең алдымен, баланың ата-анасының талаптарымен немесе мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларымен анықталады. Мектеп жасына дейінгі балаларға қосымша білім беруді тек тәрбиешілер ғана емес, сонымен қатар өздерінің авторлық бағдарламалары бойынша жұмыс

істейтін мамандар да бере алады: музыкалық, көркемдік, эстетикалық, адамгершілік, психологиялық және т.б. Қазіргі жағдайда қосымша білім берудің рөлін қарастыра отырып, ғалымдар оның әртүрлі басым мақсаттарын анықтайды.

Қосымша білім беру әр баланың жеке басының дамуына оның танымдық белсенділігіне үлкен қолайлылық туғызу керек. Бұл мәдени кеңістіктің кеңеюіне, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді, оның шығармашылық дамуын ынталандырады. Қосымша білім балаға дайын жағдайларды ұсынбайды. Баланың өмірінде оқумен қатар ойын басты орын алады. Ойынның сипаты өзгереді. Жылжымалы рөлдік, дидактикалық - дамытушы ойындардың маңызы артып келеді. Бұл жастағы бала қазірдің өзінде ойыннан ерекшеленеді. Осыған байланысты балалардың қосымша (мектептен тыс) білім алуына дербестік бере отырып, оны белсенді қызметке қосу қажет. Балалардың іс әрекетін уақытылы және жүйелі бағалау, олардың қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларға қатысу оң нәтиже береді.

Баланы ойын әрекеті арқылы белсенді түрде дамытуға болады. Өйткені, шығармашылық іс-әрекет процесінде бала өз қабілеттерін жетілдіреді. Қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтарда білім алушылар жақсы практикалық және теориялық білім алады. Алынған ақпарат пен практикалық тәжірибені балалар болашақта мектепте оқу процесінде пайдалана алады.

Қосымша білім беру тұтастай іс-тәжірибеге бағытталған. №2 оқушылар сарайында бүгінгі таңда «Шамшырақ» ерте дамыту кешені жұмыс атқаруда. Бұл кешенде 20 топта 200-ге жуық бала қосымша біліммен қамтамасыз етіліп отыр. Кешеннің басты мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды ерте әлеуметтендіру, ортаға бейімдеу болып табылады. Кешенде сауат ашу, тілашар, санамақ, көркем әдебиет, көркем жазу, дамытушы ойындар пәндері сабақ кестелері арқылы жүргізіліп, балалардың ортаға бейімделуіне, ерте жастан әлеуметтенуіне жұмыс жасауда. Кешен педагогтары арнайы бағдарламалар құрастырып, бекітуге ұсынуда.

Баланы ерте жастан дамытудың қандай әдістері бар? Әртүрлі жастағы балалар үшін қолайлы көптеген ерте дамыту әдістері бар. Олардың ең біріншісі балалар массажы деп санауға болады. Бұл нәрестелерге өздерінің сезімдерін түсінуге, денелерін зерттеуге және физикалық дамуға көмектеседі. Ақыл-ой қабілеттерін, сенсорлық және басқа дағдыларды дамыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады: Мария Монтессори әдісі. Оның ұраны: «Маған мұны өзім жасауға көмектес». Бұл педагогикалық жүйеде ересектердің (ата-аналардың немесе мұғалімдердің) міндеті баланы бақылауға және дер кезінде көмек көрсетуге дейін төмендейді. Сонымен бірге нәресте әлемді өз бетімен таниды. Монтессори жүйесіндегі сабақтар үшін арнайы дидактикалық материалдар қолданылады. Мысалы, бетінің құрылымы әртүрлі ойыншықтарды алуға болады. Бұл жайлы жазушы Сильви Д'Эсклебе өзінің Монтессори кітабында түсіндіреді.

Глен Доман әдісі. Жүйе туғаннан төрт жасқа дейінгі балаларды визуализациялау мен физикалық ынталандыруға негізделген. Бұл әдісті қолданатын сабақтарда сөздер мен белгілер жазылған арнайы карточкалар қолданылады. Олар мидың әртүрлі бөліктерін ынталандыруға және интеллектуалды дамуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Техника ересектер мен балалардан титаникалық күш-жігерді қажет етеді. Сонымен бірге оның ойындарға немесе әлемді тәуелсіз зерттеуге уақыты қалмайды.

Николай Зайцевтің әдістемесі. Академик арнайы математикалық кестелер мен буындары бар ойын текшелерін әзірледі. Мұндай дидактикалық материал балаңызға санауды және оқуды жылдам үйретуге мүмкіндік береді. Сабақ ойын түрінде өтеді, балалар белсенді қимылдап, ән айтады. Бұл көру және есту жадының, сонымен қатар шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді.

Баланың жеке басын қалыптастыруда оның тәрбиесі маңызды рөл атқарады. Ерте жастан бастап баланың эстетикалық талғамын дамыту маңызды және қажет іс әрекет болып анықталады, адамгершілік қасиеттерді, қарым-қатынас жасау және қоршаған әлемге белгілі бір көзқарасты қалыптастыру қабілетін тәрбиелеу, ортаға ерте жастан әлеуметтендіру жұмыстары аса маңызды жүйе. Ол үшін бала мен ересек адамның ынтымақтастығы қажет, бірақ белгілі бір кезеңде бала жағдайды өз бетінше бағалай

алмауы мүмкін. Осы мәселеге қарамастан, достық, мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысы, мұғалімнің баланы жеке тұлға ретінде түсіне алуы, баланың әлеуметтенуі, дамуының қозғаушы күші.

Қосымша білім берудің тәрбиелік әсері өте зор. Қызығушылығы бойынша әртүрлі үйірмелерге қатысу әр балаға өзінің табиғи бейімділігіне сәйкес келетін, шығармашылық қызметте сәттілікке жететін және осы негізде өзін-өзі бағалауды арттыруға, өзін-өзі көрсетуге, ата-аналардың, жақын ортаның алдында өз мәртебесін арттыруға мүмкіндік береді.

Баланың ерте дамуына не кедергі келтіруі мүмкін? Егер бала қорықса немесе ыңғайсыздық сезінсе, әдістердің ешқайсысы қажетті нәтиже бермейді. Қорқыныштан басқа, ерте даму нашар әсер етеді, егер:

- нақты күнделікті тәртіп және оқу кезеңінің нақты шекаралары болмаса; анадан балаға көңіл бөлінбейді (көтермейді, сөйлемейді);
- анамның көңіл-күйі нашар немесе алыс;
- ересектер жанжал және жанжал;
- бала жиі сынға ұшырайды немесе ұрысады;
- балаға күтім жасайтын ересектер жиі ауысып отырады.

Ерте даму үшін баланың дене белсенділігін қамтамасыз ететін, арнайы ойыншықтардың, оқуға арналған қызықты объектілердің және шығармашылық үшін материалдардың болуын қамтамасыз ететін тиісті ортаны құру қажет.

Педагогикалық тұрғыдан қарағанда шығармашылық процесс бастапқыда адамның жеке басын дамытады, байытады, оның талантын, рухани әлеуетін ашады. Шығармашылық іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастырылған кеңістігі жеке тұлғаның мәдениетін, сұлулықты көру және түсіну қабілетін, шығармашылық процесінде жанашырлықты қалыптастырады.

Ең бастысы, қосымша білім беру жағдайында балалар өздерінің шығармашылық әлеуетін, қазіргі қоғамға бейімделу дағдыларын дамыта алады және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыруға мүмкіндік алады.

Әдебиет:

1. Ладывир С.О. Воспитываем исследователей и мудрых мыслителей, Дошкольное воспитание, 2009 г.
2. Мухина В.С. Психология дошкольника, М., Просвещение, 2009 г.